



Азат ПЕРУАШЕВ:

ОСК РЕСМИ АРЫЗДАРДЫ ҒАНА ЕМЕС, ФАЛЬСИФИКАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ БАРЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ҚАРАСТЫРУЫ ТИІС

3-бет



ЕЛІМІЗДЕ АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ САЛЫНА МА?

2-бет



КАК СТАТЬ УВЕРЕННЫМ В СЕБЕ, ИЛИ ДОРОГА К УСПЕХУ

10-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№23 (841), 14 маусым, 2019



БАЙТАҚ ДАЛАНЫҢ БОЗТОРҒАЙЫ

қазақ жырның қыранына айналып, халқының жүрегіне хя салып кеткен Кеңшілік Мырзабеков туралы сыр мен сымбат

8-9 бет

ЖАҢА ПРЕЗИДЕНТ РЕСМИ ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСТІ



Астанадағы Тәуелсіздік сарайында жаңадан сайланған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты ұлықтау рәсімі өтті. Салтанатты жиында мемлекет басшысы Қазақстан халқына ант берді. Салтанатты залға ең алдымен Қазақстан Республикасының Туы, штандарты мен Конституциясы әкелінді. Ата Заңға сәйкес, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияға қолын қойып тұрып: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», - деп халыққа ант берді.

2 бет



ОТКРЫТОЕ ПИСЬМО ПРЕЗИДЕНТУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН КАСЫМ-ЖОМАРТУ ТОКАЕВУ

СОХРАНИВШИЙ ТРИЛЛИОН – В ТЮРЬМЕ, ГОНИТЕЛИ – НА ТРИБУНЕ...

Председатель Комитета по водным ресурсам Ислам Абишев стал жертвой очередной необоснованной клеветы...

4 бет



МЫРЗАШӨЛДІҢ МАҚТАНЫШЫ

...Мырзашөл дегеніңіз екі ел – Қазақстан мен Өзбекстанның шекарасы болып түйісіп, тұтасып жатқан шұрайлы да шырайлы өлке. Осыдан небәрі бір ғасыр ғана бұрын бұл жер шағыл басып жатқан құла дүз, сағымды сары дала болатын. Сол даланы игеруге, гүлдендіруге белсене атсалысқандардың бірі әрі бірегейі – Бегім Серікұлы ағамыз.

14 бет

ҚОШ БОЛ, ҚОСАНОВ!

ОППОЗИЦИЯ МЕН ҰЛТШЫЛДАР ТЕРІСІН ЖАМЫЛЫП, ӨЗ ТЕРІСІНЕН АЙРЫЛУ ДЕГЕН ОСЫ БОЛАДЫ

Саясаттан хабары бардың бәрі алдын ала жақсы білгендей, Оппозиция мен Ұлтшылдардың терісін жамылып жүріп, сайлауда 15 пайыз алған Қосанов елдің ең алдымен Тоқаевты жеңісімен мақтап тұрып құттықтады. Тіпті, дауыс беру әлі толық аяқталмай жатып, оның сайлаушылары алыс аймақтарда әр дауыс үшін алысып жатқанда, Нұр-Сұлтандағы бұның жеңілгенін мойындағанын «Хабардан» хабарлап тұрғанын көру қаншалықты ауыр еді адал да, аңғал қарапайым халық үшін...

3 бет



ЖАҢА ПРЕЗИДЕНТ РЕСМИ ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСТІ

Астанадағы Тәуелсіздік сарайында жаңадан сайланған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты ұлықтау рәсімі өтті. Салтанатты жиында жаңа Президент Қазақстан халқына ант берді.

Салтанатты залға ең алдымен Қазақстан Республикасының Туы, штандарты мен Конституциясы әкелінді. Ата Заңға сәйкес, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияға қолын қойып тұрып: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», — деп халыққа ант берді.



Осы сәттен бастап Президент ресми қызметіне кіріскен болып саналады. Ант берілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалды. Сонымен қатар, Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Мемлекет басшысына Қазақстан Республикасы Президентінің куәлігін тапсырды. Еске сала

кетейік, ҚР Орталық сайлау комиссиясының шығарған қорытындысына сәйкес, 9 маусымдағы кезектен тыс Президенттік сайлауда кандидат Қасым-Жомарт Тоқаев сайлаушылардың 70,96 процент дауысын (сайлаушылардың 6 539 715 дауысы) алып, жеңіске жеткен болатын.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз қызметіне кіріскен соң, билік басында бірқатар ауыс-түйістер орын алды. Атап айтқанда, бұған дейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы қызметін атқарған Бақытжан Сағынтаевты Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы қызметіне тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды.

Сонымен қатар, Кәрім Мәсімовті Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы қызметіне тағайындады.

2016-2019 жылдары Батыс Қазақстан облысының әкімі қызметін атқарған Алтай Көлгінов Нұр-Сұлтан қаласының әкімі болып тағайындалды.

Сондай-ақ, ел Президентінің Жарлығымен Күләш Ноғатайқызы Шәмшидинова Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі қызметінен босатылып, оның

орнына Асхат Аймағамбетов Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі қызметіне тағайындалды.

Бұған дейін Астана қаласы әкімдігінің қалалық ортаны ре-генерациялау басқармасының басшысы қызметін атқарған Ғали Нәжімеденұлы Есқалиев Батыс Қазақстан облысының әкімі болып тағайындалды.

Жаңа қызметке тағайындалған азаматтардың ісіне сәттілік тілей отырып, халық игілігі жолында ауқымды істерді атқаруларына тілек-теспіз.

КІНӘСІЗ ҰСТАЛҒАНДАРДЫ БОСАТУДЫ ТАПСЫРДЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев митингтер кезінде кездейсоқ болғандар мен кінәсіз азаматтарды босату қажеттігін айтты. Бұл туралы Мемлекет басшысы өзінің Twitter-дегі парақшасында хабарлады. «Бас прокурорға

азаматтардың заңды құқықтарын қамтамасыз етуді, ұсталғандардың нақты саны мен кінәсізін деңгейін анықтауды тапсырдым. Кінәсіз азаматтар мен оқиға орнында кездейсоқ болғандарды босату қажет», — делінген хабарламада.

АЛТАЙ КӨЛГІНОВ – НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ

Алтай Көлгінов Нұр-Сұлтан қаласының әкімі болып тағайындалды. Алтай Сейдірұлы Көлгінов 1978 жылы дүниеге келген. Ол А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетін, ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясын, «Болашақ» бағдарламасы бойынша Ұлыбританияның Абердин университетін бітірген. Мемлекеттік және жергілікті басқару магистрі, халықаралық коммерциялық құқық магистрі.

2000 жылы Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінде қызмет еткен. 2001-2008 жылдары Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі, Мемлекеттік қызмет істері Агенттігі және Бас прокуратура органдарында әр түрлі лауазымда қызмет атқарады. Ал 2008-2010 жылдары — «АлашМедиаГрупп» ЖШС бас директорының орынбасары болған.



2010-2012 жылдары ҚР Президенті Әкімшілігінің аймақтық-ұйымдастыру және мемлекеттік бақылау жұмыстары бөлімінің мемлекеттік инспекторы қызметін атқарса, 2012-2013 жылдары Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары және 2013-2016 жылдары Орал қаласының әкімі қызметінде болды.

2016-2019 жылдары Батыс Қазақстан облысының әкімі болды.

Ендігі жерде, Елорда тізгінін ұстаған Алтай Сейдірұлы ел астанасын одан әрі жаңарта, жасарта беретініне сенімдіміз.

ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАНБАҚ

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі Ақордадағы брифинг барысында журналистердің мәртебесіне қатысты пікірін білдірді деп хабарлайды Qamshy.kz ақпарат агенттігі.

«Біз журналистердің мәртебесі туралы заң жоқ. Біз ешқандай топқа жатпаймыз. Сол статус туралы заң қабылдауға өзіңіз мұрындық боласыз ба? Бұған көзқарасыңыз қандай?» — деген журналистердің сұрағына жауап берді.

«Бұл — өте өзекті мәселе. Мәселені жақсылап тұрып қарауымыз керек. Егер керек болатын болса, мен Үкіметке тиісті



тапсырма беремін. Келешекте журналистердің мәртебесі туралы, егер қажет болатын болса, тиісті заңды қабылдаймыз. Я болмаса, мен өзім Президент ретінде өз шешімді шығарамын», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сәбит ДОСАНОВ, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты:

ЕЛІМІЗДІҢ БҮГІНІ БЕКЕМ, ЕРТЕҢІ ЖАРҚЫН БОЛАРЫНА СЕНЕМІЗ

Тоқаев бүкіл дүниежүзі білетін өте парасатты, салмақты саясаткер. Оның соңынан ешқандай жаман сөз ермеген. Сондай-ақ, бірнеше шетел тілін білетін, өзге мемлекеттермен дұрыс қарым-қатынас жасай білетін, нағыз кемеліне келіп, толысып тұрған азамат. Ендігі біздің міндетіміз: басшы — біреу, қалғанымыз — тіреу болып ел дамуына әрқайсымыз мейлінше үлес қосу. Тағы бір жүректі жылытатын нәрсе — Қасым-Жомарт Кемелұлы ұлықтау рәсінде сөйлеген сөзінде өзінің бағдарламаларынан хабардар етті. Атап айтқанда, жемқорлықпен

күрес, жастарды қолдау секілді тұстары көкейімізге конды. Сондай-ақ, осынау маңызды шараны өткізу барысынан да кішіпейлділікті аңғардық. Шетелден ағылып қонақтар шақырылған жағдай, еліміздің өзге өңірлерінен де ары-бері сабылып келген кісілер болған жоқ.

Президентті ұлықтау рәсімі барысында халық өздерінің Мемлекет басшысының сөзі мен ісі сай адам екенін айқын аңғарды.

Ендеше, жаңа Президентіміздің қадамы құтты болып, еліміздің бүгінгі бекем, ертеңі жарқын болсын деп тілеймін!

ЕЛІМІЗДЕ АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ САЛЫНА МА?

Елімізде әзірге атом электр станциясы салынбайды. Көпшілікті алаңдатқан сауалға қатысты алғаш рет пікірін білдірген Энергетика министрі осылай деді. Қанат Бозымбаевтың айтуынша, әзірге бұл мәселе тек зерттелу үстінде.

— Мен бұл тақырыпты талқылауға әлі толық дайын емеспін. Бірақ, нақты айта алатыным — Қазақстанда атом станциясын салу тура-



лы шешім әлі қабылданған жоқ. Біз әзірге тек қана станцияны салудың қатерлерін тексеріп, зерттеу жұмыстарын жүргіздеміз, — деді Энергетика министрі Қанат Бозымбаев.

СУ БАСУ ҚАУПІ ТӨНІП ТҰР

Бүгінде тоқтаусыз жауған жаңбырдың немесе қатты еріген қардың салдарынан су басу қаупі еліміздің көптеген өңірлерінде жиі орын алып тұратын қалыпты жағдайға айналды.

Шығыс Қазақстан облысындағы Тархан ауылына су басу қаупі төніп тұр. Толассыз жауған жаңбырдан Үлбі өзенінің арнасы күн санап үлкейіп барады. Елді мекен тұрғындары жергілікті биліктен тез арада жағаны бекіту жұмыстарын жүргізуді сұрап отыр. Айтуларынаша, жағалаудағы шағын тоғайды

Үлбінің арынды ағысы тамырымен жұлып тас-талқан етті.

«Өзен арнасын өзгертті, ол мына аралдың ар жағымен ағатын. Жыл сайын ұлғайып барады. Соңғы үш жылда жағалаудың 15 метрі шайылып кетті. Тарханның төменгі жағында 10 жыл бұрын салынған бөгеттер тасқынға тосқауыл бола алмады. Мұндағылар егер бөгет бұзылса, Үлбі өзені облыстың тас жолдары мен саяжай кооперативтерін шайып, өзге де ауылдар зардап шегуі мүмкін деп қауіптенеді», — деді Тархан ауылдық округінің әкімі Валерий Белянин.

Мұрат ӘБЕНОВ:

БҰЛ САЙЛАУ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ДЕГЕН СҰРАНЫСТЫҢ ӨСКЕНІН КӨРСЕТТІ

«Аманат» азаматтық платформасының жетекшісі Мұрат ӘбенOVтің айтуынша, сайлау алдындағы үгіт-насихат жұмыстары кезінде ресми шараларға қарағанда, бейресми шаралар ұтымды болған. «Әлеуметтік желіні пайдаланғандар ұтымды жұмыс істеп, көп қолдаушы тапты. Түрлі жиындар өткізіп, дәстүрлі технологияға иек артып, әкімшілік ресурстарға сенгендерден қарағанда солардың жұмысы тиімді болып жатты. Біз соның бәрін барынша тәуелсіз көзқараспен талдауға тырыстық», — деді Мұрат ӘбенOV.

Қоғам белсендісі сайлау алдындағы үгіт жұмыстарында бұрынғы сайлауларға қарағанда қазақ тілінің үлесі басым болғанын жеткізді. «Ел арасында кандидаттар сайлаудан кейін берген уәделерін ұмытып кетпесе екен деген тілек көп айтылды. Тағы бір ерекше атап өтерлік дүние, үгіт-насихат жұмыстарында қазақ тілінің үлесі артқаны анық көрінді. Кейбір партиялар мен ұйымдар оған дайын болмай шықты. Мұның бәрі әсіресе сайлау науқанының аяғына қарай анық байқалды», — дейді азаматтық платформа өкілі. Осылайша, қазақ тіліне деген сұраныс күн санап артса, оның дамуы да күн санап кеңейе түспек.

«Ең үлкен қиянат – сөзіңе сеніп тұрған халыққа өтірік айтуың».

Хадис

Саясаттан хабары бардың бәрі алдын ала жақсы білгендей, Оппозиция мен Ұлтшылдардың терісін жамылып жүріп, сайлауда 15 пайыз алған Қосанов елдің ең алдымен Тоқаевты жеңісімен мақтап тұрып құттықтады. Тіпті, дауыс беру әлі толық аяқталмай жатып, оның сайлаушылары алыс аймақтарда әр дауыс үшін алысып жатқанда, Нұр-Сұлтандағы бұның жеңілгенін мойындағанын «Хабардан» хабарлап тұрғанын көру қаншалықты ауыр еді адал да, аңғал қарапайым халық үшін... Тіпті, биліктің өзі – Бас прокуратура сайлау кезінде 19 заң бұзушылық болды десе де, бұл Қосановтың «Жоқ, ешқандай заң бұзушылық болған жоқ»-деп, күні бойы экраннан түспей қойды ғой... Бұндай құйтырқылықты тыңдаудың, бұл етпес бетке қараудың өзі қандай қиын еді сайлаушыларға?! Бірақ Қосановтың өзі қолдаушыларын сайлауда лақтырып кеткенін сезінер түрі көрінбейді...



ҚОШ БОЛ, ҚОСАНОВ!

ОППОЗИЦИЯ МЕН ҰЛТШЫЛДАР ТЕРІСІН ЖАМЫЛЫП, ӨЗ ТЕРІСІНЕН АЙРЫЛУ ДЕГЕН ОСЫ БОЛАДЫ

«Қанша адам дауыс берсе, сонша адам қарғыс айтып жатыр, Дос Көшім екеуің елден кетіндер» деп жазып жатыр әлеуметтік желіде.

Ал, Қосанов биліктің бұйырған тапсырмасын тастай қылып орындап шықты! Жарайсың, Әбеке! Көп болса, көптен армандап жүрген, бірақ елге «маған қанша қызмет берсе де, бармадым» дей салаттындай, (ойындағыдай қызмет болмаған ғой), бір майылау жілікті ұсататар. Бірақ, енді Қосановқа, ол арқылы жалпы, «Жаңа Қазақстан» тобына сайлауда халықтың дауысын алуға жол жабылғаны ойына келмейді ме? Иә, халықты лақтырған оны енді достарының өзі лақтырады. Себебі, олар алдағы парламент сайлауына түскісі келсе, елдің алдында айыбы зор мұнымен бірге түсе ме? Былтыр комсомолдың 100 жылдығын тойлауына барғанда «Мен ол тойға барғандармен амандаспаймын» деген қасындағы серігі Расул Жұмалы секілді (бірақ ол айтқан сөзін орындамады) мұнымен ел амандасады ма енді...

Әлеуметтік желіде жазып жатқандай, енді серіктері сайлауға Қосановсыз, «Ұлт тағдыры» атынан Ұлттық мүддеге қарсы «қызыл комсомолды» ұсынған, қалың елдің сенімі тапталуына себепкер болған Дос Көшімсіз, «қазақ тілін артына тығып қоятын» Серікжан Мамбеталинсіз баруға тырысады естері бар болса... Мамбеталин демекші, қайта оның ұяты бар екен сәл де болса, «Сайлауда сенген серігің сатып кетсе, халыққа не айта аласың? Сіздер секілді маған да ауыр және қиын! Кешіріңдер!» – деп, елден кешірім сұрай алды... Оған да рахмет! Ал қаншама саясаткерлер қарапайым халықтан бұрын өздері алданып, елді үгіттегені үшін елден кешірім сұрауда... Олардың көбісінің парақшаларына не деп жазып жатқанын жазуға менің қолым бармай отыр... Қосановтың терісін тірідей сыпырып жазып жатқандардың жанында біздің сайлау басталмай тұрып, сынағанымыз жәй боп қалды...

Айтыс ақыны Ринат Зайытов пен режиссер Еркін Рақышев өздері ғана алданып қалағандарымен қоймай, Қосановтың халықты алдауына оның алдына түсіп алып, шапқылап, зор үлестерін қосқаны үшін бүгін біраз бақылаушыларын жинап алып, тізерлеп тұрып елден кешірім сұрады. Полиция мекемесіне де бірер сағат «қонақ» болып қайтты... Әрине, саясаттан хабарсыз айтыскер мен режиссер түгілі сақалы саясатпен шашы ағарғандардың өзі сандарын соғып қалып жатқанда бұларға кешірімді де шығар бөлкім...

Қосановтың былықтары бірінен бірі артып тұр. Сайлау күні митингіге шыққан жастарды тағы да айыптай отырып, бірақ шалкемпір мен балаларды сүйрелеп бара жатқан біздің полиция туралы бір ауыз сын айта алмады... Курстастарының біразы жазып жатқандай, 1986 жылы, осыдан 33 жыл бұрын Желтоқсанға қатысқан студенттер туралы да осылай сөйлеген еді. «Тілді сатқан Қосанов Елді қалай қорғамақ» деп, сайлау мерзімі басталмай тұрып, «Қазақ үні» ұлттық порталында жазғандай, сол комсомол жиналыстарында өзімен бір факультетте оқитын дарынды ақын Аманғазы Кәріпжан мен ұлтшыл қыз Гүлнәр Әбішеваны және тағы басқаларды дәл осылай жазғырып, қолынан келіп тұрғасын комсомолдан-оқудан шығарып, без тергізіп жіберіп еді...

Ал билік жеңілген баланы «сен де жаман емес, жақсы жеңілдің» деп, басынан сипап, жуыпшайғандай, қолдаушысы сатып кеткен сайлаушыларды «әлі талай алданасыңдар, ондайлар аман болса» деген секілді жұбату мақалалар жазғызуда өздеріне қарасты басылмаларда...

«Ұялған тек тұрмас» дегендей, Қосановтың ақталған түрін қараңыздар. «Мен сайлауда дауыс жинауды 16 пайызға көтердім. Бұрын ол 6-9 пайыз еді», – деп қояды.

Біріншіден, бұрын ол 6-9 пайыз емес, 12 пайыз болатын. 1999 жылы Серікболсын Әбділдин Нұрсұлтан Назарбаевпен түскен сайлауда 12 пайыз алған.

Екіншіден, осыдан 20 жыл бұрын қазіргімен салыстырғанда сайлауда берілген дауыстарды ұрлатпаудың ешқандай әдіс-амалы болмады. Интернет, фейсбук, уатсап, т.б. әлеуметтік желілер түгілі, ұялы телефонның өзі

жоқ еді. Сондықтан, оппозиция ақсакалы С.Әбділдиннің 20 жыл бұрын сайлауда алған 12 пайызы қазіргі жағдаймен салыстырғанда, Қосановтың жинаған дауысынан кемінде үш есе асып кетеді.

Үшіншіден, бұл ең бастысы, Серікболсын Әбділдин болсын, Жармахан Тұяқбай мен Әлихан Бәйменов болсын, олар уақытша президент болып тағайындалғанына екі ай болған Қасым-Жомарт Тоқаевпен түскен жоқ сайлауға – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен түсті! Ал мұның айырмашылығы жер мен көктей екенін кез келген сайлаушы секілді, Қосановтың өзі де жақсы біледі. Сондықтан, «мен бұрынғылардан жоғары дауыс алдым» дегені, тағы да аңқау елді алдаусырату болып табылады! Қосановтың алған дауысын енді Тоқаевпен немесе келесі президентпен сайлауға түскендермен ғана салыстыруға болады. Назарбаевпен бірге түскендермен емес...

Жоғарыда айтқанымыздай, «Қазақ үні» порталында сайлау мерзімі басталмай тұрып, 7 мамырда «ТІЛДІ САТҚАН ҚОСАНОВ ЕЛДІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАМАҚ?» атты мақала жарияланған еді. Сонда «Биліктің тапсыруымен Ұлтшылдар мен Оппозиция терісін жамылушы Әміржан Қосанов өз терісінен айрылып қалып жүрмесін...» деп, ескерту жазылған болатын.

Сол кезде тура тауып айтқанымыздай, оппозиция мен ұлтшылдардың терісін жамылып жүріп, өз терісінен айрылу деген осы, Амиржан Сағидрахманович Қосанов!

Сайлаудың басында жазғырып жазғанымызбен, енді әлеуметтік желідегі сайлаушылары мен серіктері жазған айыптауларды есітіп, жанымыз да ашып, аяп отырмыз... Ал редакция поштасына келіп жатқан айыптау мақалалар өз алдына бір төбе. Олардың ішінде өз штабының мүшелері де бар. Бірақ, қайтеміз, өзі қалаған шындық осы! Сондықтан біз олардың ешқайсысын жарияламай, осы мақаламызбен жалпы сайлау мәселесін, Қосанов тақырыбын қорытамыз.

Қош бол, Қосанов!

Қазыбек ИСА
«Қазақ үні»

■ КÓЗҚАРАС

Азат ПЕРУАШЕВ:

ОСК РЕСМИ АРЫЗДАРДЫ ҒАНА ЕМЕС, ФАЛЬСИФИКАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ БАРЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ҚАРАСТЫРУЫ ТИІС

«Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев Демократиялық күштердің «Қазақстан – 2050» жалпыұлттық коалициясында сөз сөйлеп, елімізде өткен Президенттік сайлау туралы, митингтер мен әлеуметтік мәселелерге қатысты өз пікірін айтты. «Қазақ үні» ақпарат агенттігі халық қалаушысының сөзін оқырман қауымға ұсынуды жөн санады.

Құрметті әріптестер, естеріңізде салайық, Қасым-Жомарт Тоқаевтың парламенттік партия жетекшілерімен 9 сәуірдегі кездесуінде, кезектен тыс президенттік сайлау жөнінде хабарлағанда, «Ақ жол» партиясы атынан мен өзім бұл сайлау әділ және ашық өтуіне кепілдік сұрадым.

Президент мырза соған өз кепілдігін беріп, біз білгенімізше, орталық сайлау комиссиясына және жергілікті мемлекеттік органдарға да тиісті тапсырма берген.

Алайда, үгіт-насихат басталғанда, әлеуметтік желілер студенттерді шараларға қатысуға мәжбүрлеу, дайын бюллетендерді тастау сияқты түрлі заң бұзушылықтарды көрсеткен видеолармен толып кетті.

Бір ғажабы – Орталық сайлау комиссиясы небәрі 19 ғана аса маңызды емес заң бұзушылықты дәлелдеген.

Ал, ОБСЕ бақылаушылары ресми Есепте тек заңсыз бюллетендердің өзі 42 сайлау учаскеде тастағанын байқады.

Егер әдеттегідей, көптеген заң бұзушылықтар бақылаушылардың назарынан тыс қалғанын ескерсек, мұндай фактілер бірнеше есе көп деп санауға болады.

Әрине, 10 мың учаске ішінде 42 учаскедегі заң бұзушылықтар көп болмаса да, біздің ойымызша Орталық сайлау комиссиясы тек ресми арыздарды ғана емес, фальсификациялар туралы барлық ақпаратты қарастыруы тиіс.

Алайда сайлау бақылаушылардың көзбен көріп, қолымен ұстап берген заң бұзушылық фактісін – жауапты органдар бұл басқа мектепте тіркелген немесе біздің «ұлттық менталитетіміз» деп отыр.

Мұндай сылтаулар – бұл бұзушылықтарды ақтаумен бірдей. Орын алған жағдайларға байланысты, мұқият тексеру жүргізіп, кінәлілерді жауапкершілікке тартуға шақырамыз.

Мүмкін, сонда ғана, бұл адамдар сайлау мағынасын түсінетін шығар.

Өз тарапынан, орталық сайлау комиссиясы «өшірілетін сия» секілді кейбір видеолардың қолдан жасалғаны туралы хабарлады.

Олай да болуы мүмкін. Осындай алаяқтықтың алдын алу, кімнің істегенін анықтау мақсатында да мұндай ақпаратты тексеру керек.

Осы, және басқа да сол сияқты сұрақтарға анық жауап таба алмағандар кейін, қоғам белсенділері, ең алдымен – жастар, – наразылық танытып, түрлі іс-шараларға барды.

Иә, Ішкі Істер Министрлігінің ақпараты бойынша, бұл акциялар шетелден, арандатушылық мақсатымен ұйымдастырылған. Бірақ өзіміздің де ішкі кемшіліктеріміз соған сай болды.

Әрине, қоғамдық қауіпсіздік барынша берік қамтамасыз етілуі тиіс.

Мемлекеттік институттарды әлсірету – азаматтардың қауіпсіздігі үшін де, Республикамыздың тәуелсіздігі мен территориялық тұтастығы үшін де қауіпті екенін түсінуіміз керек.

«Ақ жол» партиясы біздің Ұлттық Тәуелсіздігімізді, елдің бейбіт өмірін және еркіндіктерімізді – көздің қарасындай сақтауға шақырады.

Біз барлық азаматтарды тыныштық пен сабырға келуін қалаймыз.

Біреудің арам ойыны үшін өз тағдырыңызбен ойнауға жол бермеңіздер.

Қоғам мен биліктің арасындағы дау тек заң шеңберінде шешілуі тиіс. «Ақ жол», парламенттік партиясы ретінде, бұған барлық күшін жұмсайды.

Сонымен қатар, әркімнің өз пікірін білдіруге толық құқы бар. Сондықтан, ұсталғандардың айыптарын қарастырғанда, олардың конституциялық құқығын сақтап, әділ сот қорғауымен, кінәсіздік презумпциясын да ұмытпауымыз керек.

Олар да елдің азаматтары, алаяқтардан басқа, біз олардың пікірімен де санауға міндеттіміз.

«Ақ жол» партиясы журналистердің соққыға жығылуына байланысты да өз алаңдауын білдіреді.

Билік пен қоғамның көпірі болған адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек.

Наразылықтың алдын алудың белсенділерді ұстаудан басқа да әдістері болуы керек.

Солардың ең алғашқысы – демократия; яғни адал және таза сайлау өткізу, шенеуіктерінің басымдылығымен емес, халықтың қалауына сай өкілетті органдарды құрастыру.

Онда көшедегі дискуссиялар парламент залдарына кіріп, халық беймарал өз шаруасымен айналысар еді.

ОТКРЫТОЕ ПИСЬМО ПРЕЗИДЕНТУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН КАСЫМ-ЖОМАРТУ ТОКАЕВУ

СОХРАНИВШИЙ ТРИЛЛИОН - В ТЮРЬМЕ, ГОНИТЕЛИ - НА ТРИБУНЕ...

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ КОМИТЕТА ПО ВОДНЫМ РЕСУРСАМ ИСЛАМ АБИШЕВ СТАЛ ЖЕРТВОЙ ОЧЕРЕДНОЙ НЕОБОСНОВАННОЙ КЛЕВЕТЫ...

Неожиданный арест трудившегося всю жизнь на благо людей, известного своей настойчивостью в отстаивании интересов государства, своими благими делами, честно и предпринимчиво руководителя Ислама Абишева для народа был как гром среди ясного неба. Некоторые издания, которые первыми восторженно кричат в случае «падения» известного человека, наперегонки стали публиковать непроверенную информацию...

Ислам Абишев известен стране успешной работой на юге, плодотворной деятельностью на посту акима Усть-Каменогорска, в качестве председателя Комитета по водным ресурсам, за что имел награды и благодарности от Лидера нации. Показал себя талантливым и предпринимчивым организатором, добрым и честным гражданином; выступал за интересы страны, за национальные ценности.

Когда Абишев приступил к работе в Комитете, он порадовал власти и народ тем, что сэкономил государству 300 миллиардов тенге (2 миллиарда долларов) из бюджета. Позже в прессе много писали о том, что из 1 триллиона 500 миллиардов тенге, выделенных на Государственную программу по управлению водными ресурсами, сэкономлено около 1 триллиона.

В итоге сэкономлено около 1 триллиона 300 миллиардов тенге государственных средств, то есть ваших и наших денег, которые могли бы «уплыть» в чьи-то личные карманы. В другой стране такой честный и предпринимчивый чиновник, который защищал интересы государства, был бы удостоен части и вознагражден властью, а у нас – арестован...

Однако защита государственных интересов и сбережения огромных народных средств не дались легко – слишком дорого обошлись для самого Ислама Абишева. Когда он собирался уйти на заслуженный отдых через какие-то два месяца, был неожиданно задержан по чьему-то сомнительному доносу без всяких доказательств... И теперь человек, который известен своим выдающимся трудом, «не спал по ночам, не имея покоя днем, проливал черный свой пот, и отдавал народу работу», встретил свой переломный возраст за железной решеткой... А у него – большое сердце, кровяное давление не опускается ниже 160.

1. Все началось с 2012-2013 годов, когда председатель Комитета по водным ресурсам Ислам Абишев сэкономил 300 миллиардов тенге из бюджета, выделенных на развитие водного хозяйства. Те, у которых были на кону миллиарды, начали мутить воду, чтобы оклеветать инициатора. Он вышел чистым из этой грязи, однако гонители добились, чтобы Абишева уволили из работы. В результате Ислам Абишев остался без работы 9 месяцев.

Как говорится, бережливый бог бережет, и сам Лидер нации в свое время заявил о необходимости введения всеобщей экономии средств. И президент Нурсултан Назарбаев, хорошо осведомленный о предложенном варианте Ислама Абишева «Государственной программы по управлению водными ресурсами Казахстана», по которому в 3 раза сокращаются расходы и в несколько раз увеличивается объем работы, пригласил Абишева, и он был снова назначен на должность председателя Комитета.

С того времени Ислам Абишев способствовал принятию Государственной программы по водным ресурсам, экономии более триллиона тенге из государственного бюджета, обеспечению водой многие районы, и был признан менеджером государственного уровня. Показал себя и в привлечении инвестиций – поступили значительные инвестиции в сельскохозяйственный сектор.



2. В 2015-2016 годах Ислам Абишев сэкономил 1 триллион из 1 триллиона 500 миллиардов тенге, выделенных на Государственную программу. На тот момент те, кто не давал покоя бесконечными проверками, добились ареста безвинного Омирбека Жампозова, бывшего гендиректора РГП «Казводхоз» еще по одному доносу.

Не в силах вынести несправедливость, 20 июля 2017 года Омирбек Жампозов выстрелил в полицейского и работника прокуратуры и легко ранил их у здания прокуратуры Целиноградского района Акмолинской области. После этого он застрелился на территории музейно-мемориального комплекса «АЛЖИР».

3. А зимой 2018 года при загадочных обстоятельствах погиб директор Алматинского филиала РГП «Казводхоз» Сейлхан Мухамдиев, который выпрыгнул из окна в кабинете следователя, с 4 этажа. «Логическим концом» преследования руководителей управления водными ресурсами стал необоснованный арест

Ислама Абишева, председателя Комитета по водным ресурсам.

4. Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев недавно принял министра сельского хозяйства Сапархана Омарова, призвав продолжить увеличение площади орошаемых пахотных земель с 1,4 млн до 2 млн га, культивирование земель.

И этот проект, на который привлечено внимание глава государства, был подготовлен под руководством Ислама Абишева в 2018-2019 годах: к 1,4 миллиону гектаров земли уже был разработан план орошения 610 тысяч гектаров, и можно было его начать... А это тысячи рабочих мест.

Как компетентно Ислам Абишев защищал государственную казну, так и настойчиво отстаивал национальные интересы. За три года его руководства Усть-Каменогорск не только похорошел и превратился в образцовый и бурно развивающийся город, но и заметно поднял свой социально-экономический уровень. Когда президент Нурсултан Назарбаев посетил Усть-

Каменогорск, он был очень доволен работой Ислама Абишева: «Вы мгновенно изменили Усть-Каменогорск», и похлопал его по спине.

Перед отъездом по работе в Астану Ислам Абишева горожане заполнили аэропорт, чтобы проводить своего любимого акима... Местные русскоязычные газеты писали, что жители Усть-Каменогорска в свое время встретили акима настороженно, а проважали со слезами. Возможно, люди почувствовали в нем честного, добросовестного, добродушного человека, готового поделиться последним с нуждающимся. Действительно, Абишев мог сойти со своего единственного коня и отдать его нуждающемуся, не то, чтобы позариться на государственное имущество.

И теперь как можно понять, что Ислам Абишев, который сберег более триллиона государственного бюджета, сохранил народное добро и работал на благо страны, постоянно сталкивался с препонами и в итоге бездоказательно оказался в холодной тюрьме?

А кто мог быть «заказчиком»? Ну, есть немало дельцов и воротил, которым не дают покоя сэкономянные Исламом Абишевым миллиарды денег... Как говорится, бережливый бог бережет, и в то же время надеюсь на законы – в итоге справедливость восторжествует и каждый получит заслуженное, в том числе и «заказчики».

Около десяти тысяч человек прочитали за один день статью «ТРИЛЛИОН ҮНЕМДЕСЕҢ – ТҮРМЕГЕ ТҮСЕСІҢ» («СОХРАНИШЬ ТРИЛЛИОН – ПОПАДЕШЬ В ТЮРЬМУ»), опубликованную в газете «Қазақ үні» и на национальном портале qazaquni.kz, и многие поделились ею в социальной сети: множество постов и комментариев в поддержку известного деятеля.

Мы, представители национальной интеллигенции, обращаемся с просьбой к руководству страны о справедливом и законном решении дела Абишева, чтобы не пострадал невинный человек, не стал жертвой клеветы. Как сказал президент Касым-Жомарт Токаев: «Суд должен стать последней инстанцией справедливости. Основная задача правоохранительной системы – добиться доверия народа».

С уважением, представители национальной интеллигенции:
Я прочитал, поддержал и не откажусь от подписи.

Қабдеш Жұмаділов, народный писатель Казахстана, лауреат государственной премии РК; Сәбит Досанов, писатель, лауреат государственной премии РК, лауреат Международной премии имени М.Шолохова; Дулат Исабеков, писатель-драматург, лауреат государственной премии РК; Нұрғали Нұсіпжанов, народный артист РК, лауреат государственной премии РК; Роза Рымбаева, народная артистка Казахстана, лауреат государственной премии РК; Төлен Әбдік, писатель, лауреат государственной премии РК; Бексұлтан Нұржәкеев, писатель, лауреат государственной премии РК; Досан Жолжақсынов, народный артист Казахстана, лауреат государственной премии РК; Смағұл Елубай, писатель, заслуженный деятель Казахстана; Темірхан Медетбек, поэт, лауреат Государственной премии РК; Рафаэль Ниязбек, поэт, лауреат премии «За служение Тюркскому миру»; Исраил Сапарбай, поэт, лауреат независимой премии «Платиновый тарлан», обладатель ордена «Парасат»; Тұрсын Жұртбай, писатель, алашвед; Төлеген Мұхамбетжанов, композитор, лауреат Государственной премии РК; Талғат Төменов, режиссер, народный артист Казахстана, лауреат государственной премии РК; Улықбек Есдәулет, поэт, председатель правления Союза писателей Казахстана, лауреат государственной премии РК; Есенғали Раушанов, поэт, лауреат Государственной премии РК, заслуженный деятель Казахстана; Тыныштықбек Әбдіқайымұлы, поэт, лауреат Государственной премии РК; Көпен Әмірбек, главный редактор газеты «Ара», заслуженный деятель Казахстана, лауреат Международной премии «Алаш»; Сембек Жұмағалиев, заслуженный деятель Казахстана; Ақжол Мейірібеков, заслуженный артист Казахстана; Нұрлан Өнербаев, певец, заслуженный артист; Дандай Ысқақ, доктор филологических наук, профессор, обладатель ордена «Құрмет», лауреат премии «Культегин», академик Международной академии Ч. Айтматовы; Мырзагелді Кемел, доктор экономических наук, профессор; Құлбек Ерғебек, доктор филологических наук, профессор; Бақыт Сарбалаулы, критик, лауреат Международной премии «Алаш»; Жанғали Жұзбай, кюйши, заслуженный деятель Казахстана; Ханбибі Есенқарақызы, поэт, заслуженный деятель Казахстана, лауреат Международной премии «Алаш»; Марат Тоқашбай, журналист, главный редактор газеты «Президент және Халық», член-корреспондент Академии педагогических наук РК; Улықпан Сыдыков, доктор технических наук, профессор; Дарига Туранқұлова, профессор, заслуженный деятель Казахстана; Айжан Нұрмағамбетова, заслуженный артист Казахстана; Бағдат Сәметдинова, заслуженная артистка Казахстана; Бахтияр Тайлақбаев, заслуженный артист Казахстана; Гүлнар Сихымбаева, заслуженная артистка Казахстана; Марат Ильясов, композитор, заслуженный артист Казахстана; Марат Омаров, композитор, заслуженный артист Казахстана; Нұрлан Байкөзов, композитор, заслуженный деятель культуры Казахстана; Гаухар Балтабаева, доктор филологических наук, профессор; Галым Жайлыбай, поэт, заслуженный деятель Казахстана, лауреат Международной премии «Алаш»; Секен Тұрысбеков, кюйши, заслуженный деятель Казахстана; Ертай Ашықбаев, поэт, журналист, лауреат Международной премии «Алаш»; Бауыржан Қарабек, поэт, лауреат Международной премии «Алаш»; Қасымхан Бегманов, поэт, заслуженный деятель Казахстана, лауреат Международной премии «Алаш»; Ертай Айғалиұлы, главный редактор газеты «Қазақстан-Заман»; Ермұрат Бапи, журналист, главный редактор газеты «Общественная позиция»; Серік Жанболат, журналист, главный редактор портала «Алаш айнасы»; Бауыржан Жақып, поэт, заместитель председателя Союза писателей Казахстана, лауреат премии им. М. Мақатаева; член-корреспондент Национальной академии наук РК; Қазыбек Иса, поэт, лауреат Международной премии «Алаш», лауреат Международной премии «Золотая осень» имени Есенина, академик Всемирной Академии искусств и культуры ЮНЕСКО; Маралтай Райымбекулы, поэт, заслуженный деятель Казахстана, лауреат Международной премии «Алаш»; Бақыт Бедельхан, поэт, заместитель председателя Союза писателей Казахстана, лауреат Международной премии «Алаш»; Бауыржан Бабажанұлы, поэт, журналист, главный редактор областной газеты «Ақтөбе»; Дәурен Куат, писатель, главный редактор газеты «Қазақ әдебиеті»; Бейсен Құранбек, тележурналист, лауреат премии Президента РК, деятель культуры РК, ведущий программы «Айтұға оңай», ток-шоу «Қарекет» телеканала «Казакстан»; Абзал Құспан, юрист, адвокат; Жұбанш Жексенұлы, певец, заслуженный деятель Казахстана; Елена Әбдіхалықова, певица, композитор, заслуженный деятель Казахстана; Луқпан Жолдасов, заслуженный деятель Казахстана; Медеу Арынбаев, заслуженный деятель Казахстана; Қалдыбек Құрманәлі, композитор, обладатель ордена «Құрмет»; Асқар Наймантаев, заслуженный деятель Казахстана; Мұхаметжан Мырзақеев, деятель культуры Казахстана; Гүлбаушан Тілеубекова, заслуженный деятель Казахстана; Данагүл Темірсултанова, заслуженный деятель Казахстана; Улан Нұсіпәлі, заслуженный деятель Казахстана; Дархан Дайырбай, заслуженный деятель Казахстана; Асқар Жүнісбеков, певец, лауреат конкурса «Жас канат»; Қайрат Түнтеков, певец, победитель проекта «Супер-стар»; Дәулеткерей Капұлы, поэт, председатель Нур-Султанского городского отделения Союза писателей Казахстана, заслуженный деятель Казахстана; Бекарыс Шойбеков, поэт, заслуженный деятель Казахстана; Мырзан Кенжебай, поэт, заместитель главного редактора журнала «Мадениет», деятель культуры РК; Алмас Ахметбекулы, поэт, деятель культуры РК; Құлтөлеу Мұқаш, журналист, писатель, главный редактор газеты «Қазақ үні», деятель культуры РК, лауреат Союза журналистов Казахстана; Берік Бейсенұлы, главный редактор сайта «Қамшы.кз», лауреат Союза журналистов Казахстана; Сауле Әбділдаханқызы, тележурналист, блогер, главный редактор журнала «Астана-Ақжүніс»; Мағауия Қозбағаров, директор театра «Күкілістан», продюсер; Есқайыр Бабаханов, участник группы «Дос-Мұқасан», заместитель директора Государственной филармонии имени Жамбыла, заслуженный деятель Казахстана; Болат Бекенов, солист театра оперы и балета имени Абая, заслуженный деятель Казахстана; Сейфуллин Жолбарыс, певец, композитор, заслуженный деятель Казахстана; Сая Махамбет, певица, победитель международных конкурсов; Ергали Әбдірайымов, продюсер группы «Жігіттер»; Есен Елеуекен, продюсер проекта КВН «Жайдарман»; Нұрлан Еспанов, певец, композитор; Өктем Алтаев, певец, композитор, деятель искусства Казахстана; Бақытжан Қажымұқанов, певец, композитор; Әділхан Қабылов Әмірзақ Ақжігіт, независимый журналист; Серік Мәмбетов, независимый журналист; Қажымұқан Ғабдолла, главный редактор газеты «Жүздеу», председатель общественного совета «Қазақ елі»; Дастан Елдесов, журналист, победитель республиканских конкурсов среди журналистов; Бақытжан Алдияр, поэт, лауреат Международной премии «Алаш»; Секен Сыбанбай, журналист, отличник информационной работы РК; Әлібек Шегебай, поэт, председатель Туркестанского областного отделения Союза писателей Казахстана, лауреат молодежной премии Казахстана «Серпер»; Бекжан Әшірбаев, журналист, отличник информационной работы РК; Нартай Өтегенов, тележурналист, отличник информационной работы РК; Серік Сейтман, поэт, лауреат премии им. Т. Айбергенова; Азамат Тасқараулы, поэт, главный редактор портала Qazaquni.kz, лауреат государственной молодежной премии «Дарын»; Төлемыра Темірбекулы, журналист, главный редактор газеты «Тертінші билік», деятель культуры Республики Казахстан; Нүргелді Әбдіғаниұлы, заместитель главного редактора сайта «Абай.кз», отличник информационной работы РК; Сәлия Әбдікәрімова, журналист, главный редактор журнала «Жұрағат», деятель культуры РК; Зейнолла Абажан, журналист, отличник информационной работы РК; Гүлмира Садық, журналист, лауреат республиканских конкурсов; Батырхан Сәрсенхан, поэт, журналист, обладатель Гран-при республиканского фестиваля «Шабды»; Геройхан Қыстаубай, независимый журналист, общественный деятель; Әуелхан Шонжан, блогер, общественный деятель; Алтынбай Мұса, деятель культуры РК; Мәмбет Құрманбаев, блогер, общественный деятель; Жасұлан Иса, юрист, общественный деятель; Мұқағали Балқыбай, общественный деятель; Ташман Шекеров, певец, термеші; Әбдіғалпар Айдаров, певец, термеші, лауреат Международного конкурса среди исполнителей терме; Әкім Мұсақұлов, певец, композитор, деятель культуры РК; Тұрғанбек Қанаев, поэт, обладатель ордена «Құрмет», член Союза журналистов РК; Нұрғали Ибраһим, педагог, поэт, лауреат республиканских конкурсов, член Союза журналистов РК; Әбдімәлік Ағыбай, журналист, член Союза журналистов РК; Нұрмахан Қары, журналист и издатель, член Союза журналистов РК; Ораз Момын, предприниматель, общественный деятель; Сәбит Лахан, журналист, поэт, лауреат республиканских конкурсов; Құрбанбек Шәмет, поэт, член Союза журналистов РК; Бегайдар Смадиярұлы, председатель совета ветеранов; Жұмабай Исым, председатель совета ветеранов; Үлмекен Лесбек, журналист, поэт, лауреат республиканских конкурсов; Құдияр Біләл, писатель, деятель культуры РК; Бауыржан Тұрғара, композитор, деятель культуры РК; Юрий Владимирович Ан, предприниматель; Бақыт Қалымбет, сотрудник аппарата акима города Алматы.

Всего подписали 3055 человек. Сбор подписей продолжается.

Дулат ИСАБЕКОВ, жазушы-драматург,
ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты:

ЕГЕР ИСЛАМ ӘБІШЕВКЕ ӘДІЛЕТСІЗДІК ЖАСАЛСА, ҚОҒАМДА НАРАЗЫЛЫҚ ТУУЫ МҮМКІН



Ислам Әбішев – халық арасында өте беделді адам. Өйткені, оның атқарған ісі, жүзеге асырған жоспарлары ел игілігіне қызмет етті. Мен оны жете білетін адам ретінде мейілінше адал жұмыс істегенін нық сеніммен айта аламын. Бұл туралы баспасөз беттерінде де талай рет жарияланды. Елбасымыздың өзі Ауылшаруашылығы министрлігіне қарасты Су ресурстары комитетінің төрағасы етіп тағайындағанда ол орасан қаржы үнемдеуге күш салды. Тек жалаң сөзбен емес, өндіріске ешбір зияны тимейтін, халыққа барынша тиімді жобаларды қолға алып, оны дер кезінде жүзеге асыра білді.

Онымен де шектелмей, триллион теңге үнемдеп, су ресурстары саласында қыруар іс атқарып, халықтың шынайы ықыласына бөленді.

Елім деген осындай ердің темір торға түсіп, қасірет шегіп отырғаны

бәріміздің жанымызға батады. Егер біздің елде шын мәнінде әділ сот бар екені рас болса, Ислам Әбішев дәл бұлай отырмас еді. Демек, біздің елде әділ сот әлі жоқ деген сөз.

Сондай-ақ, атап өтуге тиісті тағы бір жәйт – Ислам Әлмаханұлын түрмеге жауып тастағаннан кейін барып, айыптау туралы баптарды бекітті. Оған дейін алдап-сулап алып әкетті. Зейнетке шығуына санаулы-ақ уақыт қалғанда мұндай қадамға баруларының астарында да үлкен бір құйтырқы әдіс жатыр ма деп ойлаймын. Бейнетінің зейнетін көрсетпей, оны жауып тастау керек болды. Өйткені, триллион үнемдеген адамды кім жақсы көрсін?! Қыруар ақшадан алақандарын сипалап, «сыбаға» күтіп отырғандар сан соғып қалды. Көздеген «сыбағадан» ойда-жоқта айырылды. Мұны жасап отырған кімдер екені де белгілі. Оны мұқият сараптаса тауып та алуға болады.

Бір нәрсе айқын – ол триллион үнемделгеннен кейін сол қаржыны бөліске салуды көздегендердің құралақан қалғандығы. Бұл тірлік осылардың кек алу әдісі ме деп ойлаймын.

Егер де сот процесі барысында Ислам Әбішевке әділетсіздік жасалса, қоғамның біраз бөлігінде наразылық туындауы мүмкін. Ол халық үшін адал жұмыс істеген азамат. Және Ислам Әлмаханұлының арының тазалығы туралы Елбасы-



мен жолыққанда айтқан да болатынмын. Дәл ол кезде де Исламның қызметінде орынсыз тексерулер орын алып, теперіш көріп жүрген кезі еді. Ол кезде де «түшкірген, пышқырғанының» бәрін жіпке тізіп, тырнақ астынан кір іздеп жұмыс істеуіне мұрша бермеді.

Егер де Ислам Әбішев осы жолы әділетсіздікпен кететін болса, онда бұл біздің қоғамымыздың оған жасаған қиянаты. Онда біздің мемлекетке білікті маман қажетсіз деген сөз. Біз кейін де, жасыратыны жоқ, жымсық тірлікпен айналысатын, ретгі келсе, асап қалатын, жұртқа сол асағанынан үлестіріп беріп отыратын адамды ғана жақсы қызметкер ретінде бағалайтын сияқтымыз. Ал шын мәніндегі адал қызметкердің қажеті жоқ екен. Егер де Совет үкіметінің кезінде мемлекеттік қызметте жүріп, дәл осындай ерлік жасайтын болса, онда ол адамға сөзсіз Социалстік Еңбек Ері атағы берілер еді. Ал біз болсақ оның соңына түсеміз. Дегенмен, менің әлі үмітім бар. Билік өзгеріп жатыр. Әлде де болса әділдік салтанат құрады деген сенімдемін.

Абзал ҚҰСПАН:

ИСЛАМ ӘБІШЕВТІҢ ЕМДЕЛУІНЕ ҚОЛДАН КЕДЕРГІЛЕР ЖАСАЛУДА



Үш айдан бері денсаулығы қиындап кеткен Ислам Әбішевті ұямаққа шығармай ұстап отырғандардың негізгі мақсаты не?!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Ұлттық бюросы тергеушілері 14 наурыздан бері қамауда жатқан Ислам Әбішевті үш айдан бері денсаулығы қиындап кетсе де, ұямаққа шығармай ұстап отырып, ақыры инфарктке ұшыратып тынды...

Бұл туралы Ислам Әбішевтің адвокаты, белгілі заңгер Абзал Құспан «Қазақ үні» ақпарат агенттігіне хабарлады.

– Мен басында ондай ойда болмап едім. Тергеу изоляторында жатқасын, адам басында түрлі жағдайлар болады. Енді толық сеніммен айта аламын, тергеу изоляторының басшылығы, мүмкін Ұлттық бюродан арнайы нұсқау алғасын да шығар, Ислам Әбішевтің емдеу мекемесіне баруына қолдан кедергілер жасауда. «Холтер» деген адамның жүрек соғысы мен қан қысымын өлшейтін аппаратқа түсіру туралы жолдама бар. Соған түсуге ақшасын төлеп келісіп қойсақ та, әлі күнге дейін тергеу изоляторы келісімін бермей отыр. 11-маусым күні біз шығарып емдеу мекемесімен оны апарған болатынбыз. Алайда, туыстары келісіп қойған емдеу мекемеге емес, оны басқа поликлиникаға апарған. Білмеймін, кім оған нұсқау бергенін... – деді адвокат Құспан.

Ал, Ислам Әбішевтің туыстарының сөзінше, 12 маусым күні «Холтер» аппаратымен қан қысымын өлшейтін дәрігерді тауып, изолятордағы санитарлық мекемеге кірмек болған екен. Алайда, бір сағат қалғанда келісім берген дәрігер аяқ-астынан айнып шығып, қызмет көрсетпейтін болып қалған...

– 7-маусымнан бері Ислам Әбішев тергеу изоляторының санитарлық бөлімінде жатыр. Бірақ, содан бері тергеу изоляторының Әбішевтің денсаулығының нашарлығы туралы қорытынды жоқ деген сылтаудың салдарынан сотқа арыз жібере алмай отырмыз. Мұның бәрін мен қолдан жасалып жатқан кедергі деп есептеймін. Егер ертең Ислам Әбішевтің денсаулығы одан да күрт нашарлар, қиын жағдайларға әкеп соқса, оған кінәлі Ұлттық бюро мен Тергеу изоляторының басшылығы деп мен қазірден бастап ашық түрде мәлімдеймін. Осы сөздерім үшін жауап беремін. Изоляторда үш айдан астам уақыт жатса да, әлі күнге дейін толыққанды бір рет дәрігерге тексерте алмай отырмыз, – деді Абзал Құспан.

Еске сала кетейік, Ислам Әбішев 2019 жылғы 5 маусым күні сағат 16:30-дар шамасында жағдайы кенеттен күрт нашарлап есінен танып қалған. Бір жарым сағаттай уақыттан кейін есін жиған Ислам Әбішевке «жедел жәрдем» шақырып, ем жасағаны туралы айтылған.

07 маусым күні таңғы сағат 08:30-да тағы да жағдайы нашарлайды. Тыныс алуы қиындап, бірақ медпункт дәрігерлері жүрек ауруы дәрілерін беріп, есін жиғызып алған. Сол күні түске қарай кешке дейін медпунктте болады.

Атап өту керек, бұған дейін де 31 мамырда Ислам Әбішевке құзырлы орган тарапынан қысым көрсетілгені туралы адвокаты Абзал Құспан мәлімдеген болатын:

– Ислам Әбішев 14 наурыз күні ауруханаға жатайын деген кезде қамауға алынған болатын, жүрегіне байланысты. Содан бері ол дәрігерге көрінуді сұрап келе жатыр. Заң талаптарына сәйкес, денсаулық жағдайы нашарласа оны дәрігерге көрсету көзделген. Қаратпаған жағдайда – қорлау болып есептеледі. Қамалғалы бері, екі жарым айдан кейін ғана, 28-мамыр күні оны кардиологке консультацияға алып барған. Үш конвоир, тексеруші дәрігер және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ұлттық бюросынан подполковник шеніндегі Жәрдем деген тергеуші, барлығы форма киіп алып, аядай бөлмеде дәрігердің үстінен төніп алып, қарап тұрды. Дәрігер сасқалақтап, не істеп, не қойғанын білмей қалды. Ислам Әлмаханұлы дәрігер қабылдауынан шыққан соң әлгі тергеуші қайта дәрігерге кіріп, 15 минуттай сөйлескен. Бұл айқын қысым көрсету болып табылады. Ислам Әбішев зейнет жасындағы, түрмедегі ең жасы үлкен адам. Ал дәл осындай айып тағылған министрдің екі орынбасары қазір ұямақта отыр. Ислам Әлмаханұлын денсаулығы нашарлап бара жатса да, ұямаққа шығармай отыр, – деп мәлімдеген еді Ислам Әбішевтің адвокаты Абзал Құспан.

Марат ТОҚАШБАЕВ,

«Президент және халық» газетінің Бас редакторы, профессор:

ҚОҒАМДА ӘДІЛДІК ОРНАЙТЫНЫНА СЕНЕМІЗ



Жемқорлық жайлаған Қазақстан қоғамында жемқорлардың тайрандап жүретін, ал ары таза қолы таза адамдардың түрмеге тоғытылатын жағдайлары таң қалатын нәрсе емес. Ислам Әбішевтің қазіргі жауапқа тартылып жатқаны туралы осындай жағдайдың нақты көрінісі деуге негіз бар. Ислам Әлмаханұлы Оңтүстік Қазақстан облысында жауапты қызметтер атқарған, облыс әкімінің орынбасары болған, кейін Өскемен қаласының әкімі болды. Бұдан соң ауылшаруашылығы министрлігіне қарайтын Су ресурстары комитетін басқарды. Осы қызметінің өзінде бірнеше рет қудалауға ұшырап, орнынан алынып, қоғамның, тіпті, Елбасының тікелей араласуымен тағылған айыптардың барлығы алынып, қайтадан өз қызметіне кіріскен жағдайлар бар. Енді осы қызметінде

жүрген кезінде Су ресурстары комитетіне мемлекет бюджетінен бөлінген орасан зор қаржысын есептей келе, атқарылатын жұмыстардың шығынын шағын көлемге түсіріп, 300 миллиард теңге қаражатты бюджетке қайта қайтарып берген болатын. Бұл кезінде үлкен сенсациялық жағдайға айналды. Өйткені, Қазақстан шенеуніктерінің арасында бюджетті қайта қарап, есептеп, сол көлемдегі жұмысты өте аз қаражатқа атқарып, ал игерілмей қалған бөлігін мемлекетке қайтарып беру оқиғасы бұрын-соңды тіркелмеген. Кезінде бірқатар құқық қорғау орындары осы қаражатты наудан аққан су сияқты өздерінің қалталарына бұрып отырған жағдайлар болған. Ал Ислам Әбішев оған жол бермей, орасан қаржыны мемлекетке қайтарып беру арқылы олардың қолын кесті. Көптеген құқық қорғау органдары тегіннен тегін ағып жатқан қаражат өзенінен суының қандыратын жағдайдан айрылды. Міне, осындай жағдайда, Ислам Әбішевтен кек алу үшін, кеткен еселерін қайтару үшін оның үстінен бірнеше рет қылмыстық істер қозғалды. Ислам табиғатында біреуден ақша алатын адам емес. Өзінің бизнесі бар адам. Тек жауапты қызметтер атқару кезінде өз бауырларына тапсырып қойған-

ды. Мемлекеттен ақша жымқыратындай тексіз адам емес. Қазақша айтқанда, «жарыған» жерден шыққан азамат. Осындай адам «сыбайлас жемқорлыққа барды» деген желеулермен қамалғанда, ақталып шыққан болатын. Мұндай жағдайларды әлденеше рет басынан өткізген Ислам Әбішев енді аяқ астынан өзінің адал жолынан айнып, сыбайлас жемқорлыққа барды деу – мүлде қисынсыз. Төбесінен төніп тұрған соншама қылыш, соншама шоқпардың бар екенін біле тұра, солақай іс жасау – сау адамның шаруасы болмас. Ал Ислам Әлмаханұлы биік парасат иесі. Оған тағылған айып – іс жүзінде жабылған жала деп білеміз. Мен қазақтың зиялы қауымының өкілі ретінде, Ислам Әбішевты өте жақсы білетін, оның табиғатын түсінетін адам ретінде оның жанының да, қолының да таза екендігіне ешқандай шүбәм жоқ. Бұл іс – Ислам Әлмаханұлын темір торға қамауды көздеген адамдардың айла-шарғысы екендігі анық.

Ендігі жерде жаңадан сайланған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастап және билікке енді келіп жатқан құқық қорғау саласындағы білікті адамдар бұл істің әділ бағасын беріп, ақ-қарасын анықтап, Ислам Әбішевті босатса деп ойлаймыз.

• Қазақстан өз Тәуелсіздігін жариялағаннан кейін жеке ұлттық тарихында тұңғыш рет халықаралық дәрежеде мойындалған нақты шекараға ие болды, соның нәтижесінде барлық шекаралық дау-дамайлар қауіпсіз тосқауыл қойылды. Бұл – келер ұрпаққа жасалған баға жетпес тарту.

• Қазақстан тек қазақтардың ғана емес, 140 этнос пен 17 конфессия өкілінің ортақ шаңырағына, Қазақстан халқы Ассамблеясы Еуразия көлеміндегі мәдениеттер үйлесімділігінің үлгісіне айналды.

• Қазақстан 2003 жылы Президент Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен ғаламдық дінаралық сұхбаттастықтың орталығы болды. Қазақ жерінде әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының төрт бірдей съезі өткізілді. Елімізде азаматтық татулық пен тұрақтылық берік орнықты. Қазақстан ха-



ҚАЗАҚ ЕЛІ: АСҚАР АСУЛАР

лықаралық терроризмге берік қалқан орнатты.

• Қазақстан ядролық сынақ алаңын жапқан әлемдегі бірінші ел болды, сол арқылы ұлт генофонына төнген қауіпке тосқауыл қойды.

• Мемлекеттің жаңа елордасы – Астана салынып, қанатын кеңге жайды, жаңа Қазақстанның символы мен мақтанышына айналып, халықтың күш-жігерін тасытты.

Қазақстан ТМД мемлекеттерінің арасында тұңғыш нарықтық экономика елі мәртебесін иеленді. Қазақстан өз дамуында қарышты экономикалық серпіліс жасап, әлемнің кенже дамыған елдері қатарынан сытылып алдыға шықты. Егер 1994 жылы ІЖӨ жан басына шаққанда 700 доллар болса, 2013 жылдың 1 қаңтарында ол 13 есеге артып, 12 мың долларға жетті,

• Қазақстандықтардың өмір сапасы жақсарды. Соңғы он жыл ішінде тұрғын үй қоры (2006 ж. - 256,1 миллион шаршы метр, 2016 ж. - 342,6 миллион шаршы метр) 86,5 миллион шаршы метрге артты, 628 мыңнан астам отбасы немесе 1,8 миллион адам қоныстойын тойлады. Егер 1991 жылы тек әрбір алтыншы отбасының автокөлік иеленуі мүмкіндігі болса, 2017 жылы әрбір екінші отбасының жеке автокөлігі болды.

• Білімді ұлттар тобына қосылуға жағдай жасалды. Қазақстан келешекке негіз қалай отырып, білім саласын реформалауда. Соңғы он жылда білімге салынған қаражат 4 есеге көбейді. 1018 жаңа мектеп салынды. Барлық жалпы білім беретін барлық мектептер компьютерлендірілді. Назарбаев Университеті мен Назарбаев зияткерлік мектебі ашылды. «Балапан» бағдарламасы жемісті жүзеге асуда. Халықаралық озық тәжірибелерді таратушы Президенттік «Болашақ» бағдарламасының түлектері көбеюде. Оқуға, тілдік мәдениет деңгейін көтеруге барлық әлеуметтік топтарға бірдей мүмкіндіктер жасалды.

• Қазақстандықтардың өмір ұзақтығы мен балалы болу көрсеткіші ұлғайып келеді, тұтастай алғанда, ұлттық денсаулығы жақсарды. Соңғы екі он жылда 1300 денсаулық сақтау нысаны, 500 аурухана мен емхана салынды. Күнделікті емдеу

тәжірибесіне жоғары медициналық технология саласынан 43 жаңалық енгізілген. Көліктік медицина дамуда.

• Қазақстан елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін кең көлемдегі инновациялық индустрияландыруды жүргізуде, Алғашқы бес жылдығында (2010-2014 жж.) Индустриаландыру картасы аясында 3 триллион теңге тұратын 770 жоба жүзеге асырылды. Екінші бесжылдықтан (2015-2019 жж.) бастап 2,5 триллион теңгенің 310 жобасы іске қосылды, 25,5 мың тұрақты жұмыс орны ашылды (2017ж. қыркүйек).

• Елде азаматтық қоғам негізі қаланды: көппартиялы саяси жүйе қалыптасты, алуан түрлі бағыттағы 17 мыңнан астам үкіметтік емес ұйымдар жұмыс істеуде, 3 мыңнан астам (оның ішінде 80%-і үкіметтік емес) БАҚ жарыққа шығады. Қазақстан өзінің ұлттық тарихында тұңғыш рет жаңа қару-жарақпен жарақталған, құбылмалы әлем мен күрделі халықара-лық жағдайда сенімді қорған болатын, қуатты заманауи армиясын құрды.

• Қазақстан өзінің жеке ғарыштық бағдарламасы бар державаға айналып келеді. Біртұтас бастамаға негізделген елдің ғарыштық инфрақұрылымы ұйымдастырылды, ғарыштық қызметті дамытудың барлық стратегиялық бағыттарын қамтитын кәсіпорындары бар. Білікті ғылыми және инженерлік кадрлар қалыптасты. Ғарыштық аппараттардың екі орбиталық тобы нәтижелі іске қосылды: Жерді қашықтықтан зерттеу мен спутниктік байланыс құрылғылары, «Бәйтерек» ғарыштық зымырандық кешенін құру жобасы жүзеге асуда.

• Қазақстанның зор халықаралық беделге ие болды. Бұл Президент Н.Ә.Назарбаевтың табанды бейбіт саясатының және ядролық қарудан бас тартуы, Еуразия экономикалық одағын, Шанхай ынтымақтастық ұйымын, Азиядағы сенімділік шаралары кеңесін құру сияқты сантүрлі ғаламдық халықаралық бастамаларының тікелей нәтижесі.

• Бұрынғы Кеңестік мемлекеттер тарихында тұңғыш рет Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына басшылық жасады. ЕҚЫҰ мемлекет басшыларының жаңа

ғасырдағы алғашқы саммиті Астанада өтті.

• 2011 жылы Қазақстан ислам әлеміндегі ең беделді бірлестік – Ислам Конференциясы Ұйымына жетекшілік жасады. Оның құрамына 57 мұсылман мемлекеті кіреді.

• Қазақстан жаңа халықаралық құрылымдағы ең ықпалды Шанхай ынтымақтастық Ұйымына - екі мәрте (2010-2011 жж., 2016-2017 жж.) төрағалық етті. Бұл ұйымды құрудың басында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тұр. Қазақстан өз тарихында тұңғыш рет адамзаттың тең жартысы мекендейтін әлемнің ең үлкен құрлығының басты спорт бәсекесі – VII қысқы Азия ойындарын өткізді.

• Қазақстан – мақсат-міндеттері айқын, 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясы бар әлемдегі санаулы мемлекеттердің бірі. Бұл ұлттың өз болашағына сеніммен қарауына мүмкіндік береді. Жалпыұлттық мақсат - 2050 жылы әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына ену.

• Президент Н.Ә.Назарбаев 2015 жылы мемлекеттік аппаратты, құқық қорғау жүйесін, индустриалық саясат пен орта таптың өсуін, ұлт бірлестігі мен тұтастығын қалыптастыруды, мемлекетті демократияландыруды қамтыған 5 институционалдық реформалар бағдарын жариялады. Жарияланған бағдарды тиімді жүзеге асырудың тетігі ретінде «100 нақты қадам» Ұлт жоспары қабылданды.

• 1994 жылдың наурызында Президент Н.Ә.Назарбаев алғаш рет Еуразия Одағын құру жөніндегі идеясын жария етті, кейіннен ол толық жүзеге асты. 2010 жылы Кеден одағының, 2011 жылы Біртұтас экономикалық кеңістіктің және 2015 жылы Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуы нәтижесінде біз қалыптасқан ірі аумақтық сауда-экономикалық блогына қол жеткіздік.

• 2015 жылы қарашада Қазақстан көп жылға созылған келіссөздердің нәтижесінде Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі атанды. ДСҰ-ға мүше болудың арқасында Қазақстан сыртқы сауда нарығына шығудың тең құқығына ие болды, сонымен қатар, сауда мәселесіндегі

кемсітушілік сипаттағы ескертулер мен сауда-саттық дауларды реттеуге байланысты ДСҰ-ның қолдауына ие болды.

• Жаңа 2050 стратегиялық бағдары жарияланғаннан бастап (2012 жыл) Қазақстан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен жүйелі әріптестік қарым-қатынас орнатты. 2017 жылы Қазақстан 34 жұмысшы органның қызметіне қатысып, ұйымның 14 құқықтық реттеуіне қосылды, ЭЫДҰ-ның Инвестиция жөніндегі комитетінің «ассоциациялық мүшесі» болды. Әріптестіктің басты мақсаты – Президент Н.Ә. Назарбаевтың 5 институционалдық реформасын жүргізу, заңнамаларды жетілдіру және мемлекеттік басқару, білім беру, денсаулық сақтау жүйелеріне, гендерлік саясат, урбанизация, шағын және орта бизнесті дамыту мен «жасыл» экономикаға ЭЫДҰ-ның стандарттарын, жұмыс істеу тетіктері мен құралдарын енгізу.

• Қазақстан өз аумағында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» құрылқы арқылы көлік дәлізін салып шықты. Оның ел аумағындағы оның ұзындығы 2 737 километр. 1 036 шақырымға созылған Жезқазған – Бейнеу темір жолы құрылысының арқасында Қытайдан Еуропаға дейінгі арақашықтық 1 200 шақырымға қысқарды.

• Қазақстан Республикасы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүшесі болып сайланды (2016 жылдың 28 маусымы).

• 2017 жылы Президент Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның үшінші жаңғыруын жариялады. Сонымен мемлекет пен қоғам жаңаруының үш бірдей: саяси (конституциялық реформа), экономикалық (2017 жылғы Жолдау) рухани жаңғыру (Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» еңбегі) үдерісіне жол ашылды.

• Қазақстан Түркия-Ресей арасындағы шиеленісті шешу арқылы әлемдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтудың нағыз белсенді мүшесіне айналды. Сонымен қатар, кейіннен Астана процесі деген тарихи атауға ие болған Сирия дағдарысын реттеу алаңы бола білді.

2017 жылдың 29 қаңтары мен 8 ақпаны аралығында Алматы қаласында Бүкіләлемдік 28-ші Қысқы Универсиада өтті. Халықаралық жарысқа әлемнің 57 елінің спортшылары қатысты.

• Қазақстан бұрынғы кеңестік елдердің ішінде алғашқы болып өз аумағында ғаламдық ауқымдағы ЭКСПО-2017 көрмесін өткізді. Еліміз тұңғыш рет әлемнің 115 мемлекеті мен 22 халықаралық ұйымның өкілдерін қабылдады.

• Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың АҚШ-қа ресми сапары 2018 жылдағы алғаш шетелдік сапары болса, Ақ үйдің қожайыны Дональд Трамп үшін де жыл басталғалы бергі шетелдік мәртебелі мейманды ресми резиденциясында алғаш қарсы алуы ретінде бағаланды. Алпауыт мемлекеттің президенті Қазақстанның Елбасына жылышырай танытқанын әлем жұртшылығы байқады.

Нұрсұлтан Назарбаевтың АҚШ-қа ресми сапары аясында АҚШ-тың іскер топтары өкілдерімен 7 млрд. доллардан асатын инвестициялық және сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы 20-дан астам екіжақты экономикалық құжатқа осы кездесуде қол қойылды. Америкалық капиталдың қатысуымен жүзеге асырылатын бірлескен жобалар Қазақстан экономикасының әртүрлі салаларын қамтитын болады. Мысалы, іс-шаралар барысында инвестициялық және сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы, авиациялық және ғарыштық өнеркәсіп саласында, ауылшаруашылығы, көлік және т.б. саласында жетекші америкалық компаниялармен - Chevron Overseas, W. R. Grace & Co, GE Transportation Parts, Pfizer, John Deere, Amity Technology, Global Beef Investments және басқаларымен коммерциялық құжаттарға қол қойылды. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында көрсетілген тапсырмаларға сәйкес, республиканың экономикасын сандық бағытқа көшіруге бағытталған құжаттар рәсімделген. Атап айтқанда, «GE Digital» және «Самруқ-Қазына» АҚ арасындағы теміржол көлігін, энергетиканы, мұнай өңдеуді және экономиканың басқа да секторларын сандандыру жөніндегі жобаларды жүзеге асыру бойынша стратегиялық әріптестік туралы келісім жасалды. Бұдан бөлек, Қазақстан-Америка сауда-экономикалық және инвестициялық қарым-қатынастарды одан әрі дамыту, сондай-ақ екі елдің іскерлік топтарын жақындастыруға арналған маңызды мәселелердің бірі АҚШ-тың ірі қаржылық институттарымен жалпы сомасы \$3 млрд. бірлескен инвестициялық жобаларды және сауда операцияларын қаржыландыру туралы құжаттарға қол қоюы болды. Түйіндегі айтқанда, Нұрсұлтан Назарбаевтың АҚШ-қа сапары, Дональд Трамп пен келіссөзінің экономикалық тиімділігі жоғары болды, бұл өз кезегінде елімізге «мұхиттың арғы жағынан» келетін инвестицияның жаңа ағымын қамтамасыз ететін болады.

• Қазақстан тарихындағы екінші Президент ант беріп, ресми түрде қызметіне кірісті. (2019 ж.).

Елордадағы Тәуелсіздік сарайында жаңадан сайланған мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты ұлықтау рәсімі өтті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты былтырғы жылғы Қазақстан халқына Жолдауында жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтілетіндігін баса айтқан-ды. Сондай-ақ, Тұңғыш Президент аталмыш Жолдауында: «Жоғары оқу орындарын ірілендіру саясатын жүргізу қажет. Нарықта жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ететіндері ғана қалуға тиіс. Назарбаев Университетінің тәжірибесіне сүйеніп, үздік шетелдік топ-менеджерлерді жұмысқа тарту арқылы әлемнің жетекші университеттерімен әріптестік орнату маңызды», – деп еліміздің барша жоғары оқу орындарына зор міндет жүктеген-ді.

орындарының рейтингінде 31 жүлделі орындарын алды, оның ішінде бакалавриат бағдарламасы бойынша – 15, магистратурада – 7 және докторантурада – 9 орын.

2019 жылдың 23 мамырында Білім сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттігі қазақстандық жоғары оқу орындарының 2019 жылға арналған веб-сайттарының рейтингісінің нәтижесі бойынша университетіміздің ресми сайты Қазақстан Республикасының 116 ЖОО арасында 5-ші орын, ал еліміздің педагогикалық жоғары оқу орындарының арасында – 1-ші орынды иеленді. 2018 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ сайты он үздік университеттік сайттар қатарында тоғызыншы орынды иеленген болатын (салыстыру: 2016 жылы – 26-шы орында, 2014 жылы – 20-шы орында, 2013 жылы – 25-орында болды).

Цифрлық университет аясында 2018 жылдан бері оқу үрдісіне қызмет сапасын жетілдіру бағы-

2019-20 оқу жылында Сорбонна-Қазақстан институты 5 жаңа косдипломды бағдарлама бастайды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша оқу жоспарларына енгізілген пәндер: «Мектептердегі өлкетану», «Қазақ халқының рухани мәдениеті», «Мәдениет географиясы», «Түркі латынының негіздері».

Жанартылған орта білім мазмұны бойынша, педагог Кәсіби стандартына сәйкес 2018 жылдың түсушілеріне 23 педагогикалық мамандықтардың жаңа білім беру бағдарламасы жасалынды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ағылшын тілінде физика, информатика, химия, биология пәндері оқу жоспарына енгізілді.

Барлық университетте оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендері жасалынып бекітілген.

2018 жылы университетіміз ғылым саласында жақсы нәтижелерге қол жеткізді. 2018 жылы қаржыландырылатын жобалардың саны 60-қа дейін асып, соның

«Startup Bolashak: Менің Арманым» байқауы 4-ші маусымының іріктеу кезеңі өтті. Іріктеу кезеңін ұйымдастырушы университеттер: Абай атындағы ҚазҰПУ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және AlmaU.

Оқу ордасында студенттік өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру, білім сапасын арттыру және жемқорлыққа жол бермеу, жалпы спорттық іс-шараларды көбейту, мәдени-танымдық шаралардың денгейін көтеру, студенттердің әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында көптеген жанды жұмыстар жүргізілуде.

Біздің басты құндылығымыз – студент-жастар. Сондықтан, кез келген уақытта біз жастардың қажеттілігі мен олардың сұраныстарын қанағаттандырып отыруымыз керек.

Осы орайда, биылғы Студенттік өзін-өзі басқару жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізілді. Жастарға таңдау еркіндігін беру, ашық қоғамды құру, Өзін-өзі басқару

Жастарды жаппай спортқа тарту, салауатты өмір салтына баулу бағытында жыл бойы: 17 спорттық шара ұйымдастырылды, соның ішінде 1 республикалық, 2 қалалық, 14 жалпыуниверситеттік. Атап айтқанда: академик Токмұхамед Садықовтың 80 жылдығына арналған футболдан студент – жастар арасындағы республикалық турнир, «ABA UNIVERSITY CUP» оқушылар арасында футбол мен волейболдан турнирі, Алматы қаласы жоғары оқу орындары студенттері арасындағы тоғызқұмалақтан жарысы, Алматы қаласындағы ЖОО студенттері арасында қазақ күресінен «Түйе палуан» турнирі және т.б. Биылғы жылы «Спартак» спорт кешеніне күрделі жөндеу жүргізілді..

Университет спортшылары халықаралық, республикалық және қалалық жарыстардың жеңімпаздары. Олар: 1 курс студенттері Әміртаев Қуат – еркін күрестен Әлем біріншілігінің күміс медаль иегері, Ерсұлтан Жорабек – қазақ күресінен Қазақстан чемпионы, самбо күресінен Қазақстан чемпионы. Қазіргі күні Әлем біріншілігіне даярлық үстінде.

Сонымен қатар, жуырда университетіміздің студенті Математика, физика және информатика институтының 4 курс студенті Жақсыбай Ержігіт «Жастар көкпар лигасы» құрамында ұлттық ойынның Француз еліне паш етіп қайтты.

Жастар жылын лайықты атап өту бойынша арнайы жоспар әзірленіп, қала, республика деңгейінде шаралар ұйымдастырылды. Жастар жылын қолдау мақсатында «Медеу» мұзайдынында 700 студенттердің қатысуымен «Active style» жаппай сырғанау, «Жобалық Start» креативтік жобалар мен идеялар байқауы, «Менің пірім – Сүйінбай» ІІІ республикалық жас ақындар айтысы ұйымдастырылды. Айтыскер ақын «Оразалы Досбосынов» атындағы жас ақындар орталығы ашылды, «Ұлы дала жастары: жастар, білім, қоғам» республикалық пікірсайыс турнирі өткізілді.

Қазіргі күні университетте жастардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында 24 клуб, 7 үйірме, 1 бірлестік, Студенттік «Бірлік» Ассамблеясы, 3 Студенттік жасақ, 3 Шығармашыл топтар барлығы 39 студенттік клубтар мен үйірмелер жұмыс істейді. Студенттік клубтар мен үйірмелер жұмыстар Коворкинг орталығына орталықтандырылған. Әлеуметтік көмекке зәру, отбасылық жағдайы төмен, оқуда озат, қоғамдық өмірде белсенділігімен ерекшеленген 547 білім алушының оқу ақысына 15-50 % аралығында жеңілдік көрсетілді. 13 толық жетім білім алушы толықтай оқу ақысынан босатылды.

Былырғы жылы оқу орнының 90 жылдық мерейтойы аясында университетіміздің 13 профессор-оқытушылар құрамы мемлекеттік наградалармен, 125 қызметкері ҚР Білім және ғылым министрлігінің, Мәдениет және спорт министрлігінің марапаттарына ие болды.

Білім ордасының осындай зор жетістікке жетуі әлбетте Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры Такир Балықбаевтың іскерлігімен тікелей байланысты екендігін атап өткеніміз жөн.

Жанатбек ІШПЕКБАЕВ
Абай атындағы ҚазҰПУ-дің
Тәрбие жұмысы және
әлеуметтік даму жөніндегі
проректоры, профессор

ҚАРҚЫНДЫ ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ ІРГЕЛІ ОҚУ ОРДАСЫ

Осынау талаптың үдесінен шығу жолында республикамыздың түкпір-түкпіріндегі жоғары оқу орындары жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Еліміздегі осындай іргелі оқу орындарының бірі, қазақтың ең алғашқы жоғары оқу орны, былтыр ғана құрылғанына 90 жыл толған мерейлі тойын жоғары деңгейде атап өткен – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

Қазіргі таңда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті білім беру мен зерттеу саласындағы танымал инновациялық орталық, мамандықтардың кең спектрі, жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы, заманауи индустриалды технологиялар, инновациялық бағдарламалар, жетекші шетелдік университеттермен косдипломды бағдарламалары бар, іргелі ғылымның қарқынды дамуына ие, халықаралық білім және ғылым қоғамдастығына енген заманауи білім беру ұйымы.

2019 жылы 23 мамырда «Егемен Қазақстан» газеті мен Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік (IQAA-Ranking) сайтында ҚР 2019 жылғы үздік жоғары оқу орындары рейтингісінің нәтижелері бойынша университет TOP-20 ЖОО тізіміне кіріп, педагогикалық жоғары оқу орындары арасында ең жоғары позиция – 5-ші орынды иеленді.

Институционалдық рейтингте білім ордамыз ЖОО арасында «Білім беру» бағыты бойынша 1-ші орынды иеленіп, «Сарапшылардың репутациялық бағалауы бойынша көшбасшы» және «Жұмыс берушілердің репутациялық бағалауы бойынша көшбасшы» номинациялары бойынша көшбасшы атанды.

Мамандарды даярлаудың әртүрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларының рейтингтерінде Абай атындағы ҚазҰПУ жоғары көрсеткіштермен көшбасшылық орындарға орналасты. Білім беру бағдарламаларының мамандар даярлау бағыты мен деңгейіне сәйкестік бойынша жоғары оқу



тында «Univer» дерекқорлар жүйесі енгізіліп, қазіргі күні жетілдірілуде.

Студенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында «бір терезе» қағидасын іске асыру мақсатында ашылған «Шапағат» студенттерге цифрлық қызмет көрсету орталығы қазіргі күні нәтижелі жұмыстар атқарып келеді.

Университеттің білім алушылар саны екі есеге артып, бүгінгі күні жалпы контингент – 8404 білім алушыны құраса, шетелдік білім алушының үлесі – 3,5% құрап отыр. Алдағы уақытта бұл көрсеткіштерді одан әрі ұлғайту көзделуде.

2019 жылдың 1850 түлек бітіргелі отыр, соның ішінде бакалавриат – 1283 (69%), магистратура – 511 (28%), докторантура – 56 (3%).

Жанартылған және жаңа 199 Мајог білім беру бағдарламалары, оған қоса 73 Minor, жұмыс берушілердің ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып әзірленді.

2019-20 оқу жылына 2-4 курсқа 430 оқу жоспары әзірленді.

Косдипломды форматта – 7, бірлескен – 6 (магистратура) оқыту жүреді.

ішінде республикалық бюджеттен 21 жоба 179 млн.теңгеге қаржыландырылды. Сонымен қатар 1 жобаға Ғылым қорын бағдарламалық-мақсатты қаржыландырылу бойынша 39 млн. мың теңге бөлінді. 7 университеттік жобаға, 23 жас ғалымдар жобасына, 5 бірлескен жобаға жалпы университет қаражатынан барлығы 106 млн. теңге қаржы бөлінген.

Хәкім Абайдың мұрасын әлемге таныту мақсатында 2019 жыл Ресей, Польшаның жетекші ЖОО «Абай» қазақ мәдениеті мен ғылымының орталықтары ашылды. 2018/2019 оқу жылы шетелдік университеттермен 28 меморандумға қол қойылды (жалпы – 32 елмен 165 MoU бар).

2018 жылы бюджеттен тыс өткізілген байқау аясында 35 жасқа дейінгі 59 жас зерттеушінің жобаларына 25 млн. теңге бөлінсе, 2019 жылы жас зерттеушілердің жобаларына 27 млн. теңге бөлінді.

Студенттер арасында кәсіпкерлікті дамыту мақсатында 2019 жылдың 10-12 мамыр күндері аралығында университет қабырғасында Алматы қаласының

жүйесінің бәсекелестігін арттыру мақсатында Студенттік ректорат құрылды. Бұл ұйым сайлау негізінде жасакталды.

Жастар ісі жөніндегі комитетке қосымша штаттық бірлік бөлініп, жұмыс мазмұны мен форматы жаңартылды. Жастардың идеяларын орталықтандыру мақсатында «Smart Students» коворкинг орталығы ашылды.

Білім сапасын арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында Жемқорлыққа қарсы күрес кеңесі құрылды. Кеңес Ережесі, Жол картасы, Стандарты бекітілді. Қазіргі күні Кеңестің үш комиссиясы жұмыс жасауда. «Саналы ұрпақ» студенттік клубы құрылды. Жемқорлыққа қарсы күрес кеңесінің мүшелері 5-15 сәуір күндері аралығында барлық институттарда жиындар мен кездесулер өткізді.

С 2018-2019 оқу жылынан бастап барлық мамандықтың 1 курс студенттеріне «Жемқорлыққа қарсы білім» элективтік пәні енгізіліп, 1 кредит негізінде оқытылуда.

Қазақ жыры қанатын кеңге жая түскен жылдар еді ол. 1971 жыл. Қыстың басы. Қазақ Университетінің үлкен залы.

– Кім, айнам, Кеңшілік, кішкене былай, сабыр ет, – деп әдеби кешті жүргізіп отырған ұстазымыз Сұлтанғали Садырбаев ағай көзілдірігін бір алып, бір киеді. Жүзінде сәл қобалжу бардай. Ақын шабыт шалқұйрығына мініп кеткен, жуық арада түсетін түрі жоқ:

Нағашы ауылымның арасы
бізден бір-ақ қыр,
Қозы-лағымыз қосылған
шүйгін қырат бұл.
Тың көтерген жыл төбенің
түбіт көдесін,
Тарап әкетті тарақ табанды трактор.

Айызы қанып айбалта
темір тілгілеп,
Сақталған сүр боп шым
топырақтарын сүргілеп.
Құрым іңірде жарқ ете қалып
құйрығы,
«ХТЗлар» қытықтап
қырды жүрді көп.

Трактор табанды тоңмойын саясат жас ақынның арманшыл жүрегінің таза тыңын аяусыз жырып барады. Қазақ даласының қасиетті іңірінің өңірі дардар жыртылғандай. Алаш даласын алқалап туған ай да шалқалап кеткендей. (Ол кездегі көңіл шалқыған жырға шарпылған жастық көңіл-ді. Бүгінгі бұл сөз – қазіргі түсініктің көрінісі).

Зал ду-ду. Шартылдай соғылған шапалақ шартарапқа ұшқындап, зал: «оқысын, оқысын, оқи бер» деп гулейді. Сол залдың ішінде Мархабат көкем айтпақшы, біз де отырыппыз.

Мінберде тұрған ақсары жігіт жүзі жалқын тартып, толқынды шашын талыстай алақанымен асығыс бір қайырып тастап, әрі қарай сілтейді:

Қуанды қарттар жанардан
тамшы мөлдіреп,
«Көделі жерге көк бидай
шығар болды» деп.
Боз бие біздің түн жамылып
барып сол жерден,
Көденің тамырын кірш-кірш
шайнады соңғы рет.

Қартаң мал еді –
әкеме біткен артық бақ,
Тарпаң мал еді қасқырды
өлітрген тарпып қап.
Қаңтардан өзін асырап
шығып аман-сау,
Құлын туатын жылқы
көбейтіп, жал жұптап.

Өлеңі шалқып, өзегі балқып,
жаныңды тартып, тәніңді шарпып әкетіп
барады. Алақанға аяу жоқ. Ақын бір кезде дауысын сәл баяулатып, бірте-бірте ақырын нотаға көшіп, еңселі мінбердің ішіне қарай сұғынып кетті. Енді оның даусы мінбердің ішінен күмбірлеп естіліп жатыр:

Ақылды жануар соңғы рет
келіп сол түні,
Таныс көденің тамырын иіскеп,
толқыды.
Ылғал құм ішінде іркілдеп
жатты тамшылар,
Ұзатқан қыздың
жылағанындай төркіні.

Сұлтанғали ағамыз ақырын қозғалып орнынан тұрады, көзілдірігі қолында, «ақындар деген осындай албырт халық қой» деп залға жымия бір қарап, «кім, айнам, Кеңшілік, басқа ақындарға да кезек берейік» деп оған енді жымия, жұмсақ қарайды. Ақын мінберден шығып келеді. Ақсары өңі нартай жанған. Көзі қияда, қолдары ауада, асқақ даусы залдың ішін кернеп, жыр одан әрі шалқиды.

Өлең өрлеп, таралғыны тер буып, үзеңгіні үйіріп, құйысқанға құйылды:

Тамырын тартып қау етіп
қырға көк шықты,
Сабағын дәннің себелеп
жаңбыр көпсітті.
Қыр жақтан бірақ көденің
иісі сезілмей,
Тұшынбай тілі боз биені сол өксітті.

Есті мал қырға егіске барып
түскен жоқ,
Қыр жақты кетті көкпеңбек
барқын түс меңдеп.
Көз қырын қырға қадаған
сайын биеде,
Көдеге талғақ келе жатты
бір күш меңдеп.

Ақын «Боз биесін» Қазақ университетінің белдеуіне әкеліп байлады. Төрде отырған ақындар да дүбірге елеңдеп, ауыздығын шайнаған тұлпарлардай дүрліге қозғалып, дуылдап сөз қағыстырады.

Төрде отырған төре топ неге абырсабыр болғанын біз енді, жылдар өте келе бағамдап, шығарма шындығының шыңыраудан суырылған ұлттық дерек пен дәйек екенін тарата айтамыз. Бұл ұлттық-этнографиялық, эссе-естеліктік жыр өзінің өзекжарған ақиқатымен құнды еді. Айта алмайтын кезде айтылуымен құнды еді. Ұлттық ұстаным сусып шығып бара жатқан қазақ даласының қамқөңіл ойын қапысыз жеткізуімен құнды еді. Табиғи туындының ұлттық



Өтеген ОРАЛБАЙҰЛЫ,
ақын, Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты

құндылығы айқын көрінген бұл жыры арқылы Кеңшілік ақын сол кездің өзінде-ақ өз тұрғыластарының алдына атойлап шығып, аламан топты соңынан ертті. Сол боз биеден азаттықты аңсаған ақ кекіл құлын-жырлар туды. Осылайша Кеңшілік Мырзабеков бастатқан тегеурінді топ қазақ поэзиясының ұлттық ұстынын ұлағатты биікке көтеріп әкеткен-ді.

Осы өлеңнің материалына зер салсақ, бәрі қарапайым, қыр қазағының сөзі. Әкеміздің сөзі, анамыздың лебізі. Қарапайым сөздердің бәрін үйіріп, иіріп әкеліп, ақын жүрегінің ыстық балқымасына салғанда, талант рудасын бөлінген асыл темір ақын алдаспанына айналып, жарқұл-жұрқыл от шашады. Сол от қазақ жүрегіне шымырлай сіңіп, жан дүниені әлдебір қимас шағынды есіңе түсіріп, бүгінде қыр басындай қарайып жатқан қауымдарда бақи дүниенің базынасын кешіп жатқан ата-анаңның бақытты кезеңдерін ұрлаған ұрын жылдардың ұрлығын қайыра еске салып, жан дүниені әлгі шынжыр табан трактордың аяусыз астына түскендей болады. Тыңнан туған мұң тарихымыздың ащы бір тарауы болып жүректе тұнады.

Кеңшілік – лирик ақын. Бірақ қысқа өлеңнің ішіне ұзын ой салатын, ұзақ мұң салатын, ұмытылмас сыр салатын ақын. Қазақтың қарапайым сөздерін қалағанынша иіп, қалауынша жазатын ақын. Оған өлең жазу тіптен оңай секілді. Қиналмайды, жоқ іздеп, жон асып, жортып кетпейді. Жан-жағын қарманып, қапылысқа да түспейді. Жазғысы келсе болды, жаза салады. Әрине, оның өлеңдерін оқыған адам бұлай деп ойламайды, қиыннан қиыстырған шебер шумақтарды дүниеге келтіру үшін талай қиналған болар деп ойлайтын болар. Бұған да

дау жоқ. Қиналмайтын ақын, құйғытпайтын Құлагер бола ма?

Әрине, бұған қарап, ақын өз ғұмырында – маңдайына жазылған аз ғұмырында барлық шығармасын аз күліп-ойнап, қиналмай жазып тастады деген біржақты пікір тудырмаса керек. «Жеңіл» жазылған жырлардың астарында ауыр шығармашылық қиналыс, ақындық азап жатқанын біз де біршама білеміз. Бір қызық жайт, Торғай-Қостанай өңірінен шыққан ақындардың бәріне тән бір қасиет – ұшқырлық, шапшаңдық, шалттық, шамырқағандық. Нұрханды айтыс ақыны деп былай қойғанның өзінде, Сырбай мен Ғафудың, Қайнекей мен Сейіттің, Кеңшілік пен Серіктің (Тұрғынбеков), Ақылбек пен Қонысбайдың ұшқырлық қырлары қазақ поэзиясының бір ерекшелігі, қазақ даласында ғұмыр кешкен кешегі дүлдүлдердің ақжарма айқыштығының айғақ көрінісі. Өздері күліп айтып, ауыздарынан тастамайтын Айсаның айтыштығы өз алдына бір гәп.

өлеңінің мінезіне мінез қосты. Мінін азайтты, мәнін көбейтті. Қазақ жыры мінез мінберіне көтерілді.

Ақынның поэтикалық текстологиясын бағамдап қарасақ, ондағы сөздердің бәрі қырдың қырмызы қызғалдағындай болып көз тартып, әкең айтқан, анаң толғаған өз сөзің, өз теңеуің, өз тіркесің болып жаныңның жайлауына жол салады. Кеңшіліктің өз тұрғыластарынан өзгеше етіп тұратын ең негізгі айырмашылығы – поэзиясының қарапайымдылығында, әрі қайталанбайтындығында. Ұлттық бояуында, дәстүрлі даңғылында. Ол жазған сөздерді сен де білесің, бірақ дәл солай жымдастырып, сырластырып, мұндастырып, қиюын тауып қалай алмайсың. «Ақындық шеберлік» деп өзіміз сырдап айта салатын теңеу-тіркес осы болса керек. Адалын айту керек, Кеңшілік жастық кезеңдегі еліктеу ендігінен өтпей-ақ бірден өз жолы бар ақын болып қалыптасқан тұлға. Алла берген айлапат талант. «Күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарған» талант. Мұқағалидың осы жыр жолын шын мағынасында ақиқатқа айналдырған санаулы ақындардың абыройы астанасында Кеңшіліктің көшесі бар. Ол даланың мұңы мен уақыттың сырын қапысыз

өмірі ұмытпаймын, Торғай даласы туралы ой тербегенде әркез жадымда осы шумақ жаңғырып тұрады.

Осы өлең Кеңшілік ақынмен алғаш кездескен кезімде жарқ етіп есіме түсті. Ол кез – Ленинградтың наны жүріп тұрған кез. Маған сол кезде Кең ағам кең адымдап Ленинградтың тура өзінен келгендей әсер етті. Сексенінші жылдары ақынның «Революция перзенттері» деген жаңа жыр жинағы шыққанда ойымда жүрген осы өлең бас көтеріп, Кең ағамды енді тура Лениннің өзімен сөйлесіп келген Әліби Жангелди сияқты қабылдағаным бар. «Қара қазақ баласын хан ұлына теңгерем» деп арпалысқан баба батырлардың ерлігін қазақ даласы қуана қабылдағанмен, революция деген аласапыран олардың көзқарасын әңкі-тәңкі етіп, ақпен ағарып, қызылмен қызарған аңқау жұртымыз бір-біріне саусақ бөзеп, саяқ тартқан шақтарды да басынан өткерді. Осының иірім-иіндері, үйірім түйіндері Кең ақынның кемел жырларынан кенен еліне орнымен, тарихи ретімен жол тартты.

Жалпы, Кеңшілік Мырзабеков поэтикасының ішкі динамикасы ырғақ пен әуенге толы. Құйылған сөздері мен құбылған тіркестері дала симфониясына өзінің әуенін үзбей қосып, байытып

Б АЙТАҚ

Қазақ жырының қыранына айналып, халқының жүрегіне ұя салып кеткен Кеңшілік Мырзабеков туралы сыр мен сымбат

Өлең материалы демекші, Кеңшіліктің бояулары табиғи, таза, синтетикалық сілтiсi, химиялық құйтырқысы жоқ. Оның өлеңдерінен жаңбырдың иісі, топырақтың демі, қырдың самалы, даланың жұпары, таудың сабаты, жазықтың абаты, орманның шайыры есіп, жусан бүрлеп, тал көктеп, тоғай сөйлеп жатады. Тіпті оның ақындық жүрісінің өзі ешкімге ұқсамайтын, өзгеше болатын. Данадай өлең жазса да, баладай еркелеп, ағасын құрдас, қатарын сырлас, кішіні мұңдас етіп жіберетін ерекше мінезі бар еді. Өзін кейде тәкаппарлау ұстап келе жатып, бір сәтте мамыражай күйге түсіп, арқа-жарқа болып, кешегі жазған жырының бірер шумағын лақтырып тастап, сосын тек қана өзіне тән күлкісімен бір саңқ етіп күліп алып, басын қайтадан тәкаппар ұстап, ұзай беретін. Ұзай берсе де ұнай беретін.

Ақынға мінез керек екенін айтпаған қаламгер жоқ, біз де соны қайталаппыз. Ақын бізге ең алдымен ақынға тән мінезімен ұнады. Қазақ поэзиясының үлкен шоғырында өзін өзгелерден бөлек алып шығатын бір қасиет – осы ақындық мінез. Оның өлеңдерін оқып отырғанда сол албырт мінез әркез басын көтеріп, онымен жағаласып, кейде жеңіп, кейде жеңіліп, сол сәт жүрек қалтасынан жұмыр өлең болып шығып, жаныңды жайсаң самалға толтырып әкетеді. Кеңшілік өлеңдерінде қазақтың табиғи мінезі бар. Қымбат қазынамыз осы еді.

Жалпы, үлкен поэзияға үлкен мінез керек. Сол мінез ұстазымыз Сұлтанғали ағамызды састырған кеште жарқ етіп жұртқа көрінді. Сол мінез оның ақындық қуатын жаңа кезеңдерге көтеруге болды. Сол мінез оның қазақ жырының биігінде мәңгілік қалуын қамтамасыз етті. Сол мінез қазақ

танып, қалтқысыз жаза алған қаламгер.

Мұның сыры неде? Ақындық ұстаханалық мектепте. Алып даланың көріктей гулеген денесінен бөлініп шығатын әр саз, әр дыбыс, әр сөз оның қаламгерлік шеберханасында ой мен сезімге, албырт пікір мен айшықты астарға айналып, көркем шығармаға айналады. Ақын шығармашылығының тұтас полотносын қарағанда оның поэтикасынан Кейкі батырдың қол мергендігін, Әбдіғаппар ханның албырттығын, әріге көз салсақ, Арқалық батырдың алдаспан мінезін, қысқасы Торғай топырағының тарихи-географиялық шежіресін, бүгінгі қазақ поэзиясының болмыс-бітімін толық көресің. Маған кейде Торғайда туғандардың ақын болмауға қақысы жоқ секілді болып көрінетіні бар. Демек, Торғайдың табиғаты – ақын.

Торғайдың тамаша тарихы бар. Менің бітірген мектебім – Амангелді атындағы мектеп болатын. Мектептің кіре берісінде Амангелді батырдың кіріп келе жатқандарға өткір жанарымен тесіле қарап, қылышын қыса ұстаған, майлы бояумен жазылған үлкен портреті тұратын. Осы көрініс есте қатты қалғандықтан да болар, маған Торғайдан шыққан таланттардың бәрі қылышы қынында жүретін қайраткер жандар болып көрінеді. Торғай даласының ұлан тарихын ұлағаттап оқыдық, ол тарихты талай ұрпақ жазды, жаңғыртты. Ал оның жан дүниені баураған жарқын тарихын ақындары көбірек жазды, келістіріп сомдады.

Қаққан алғаш дабылды,
Қыр елінің ұланы.

Торғай деген кәдімгі,
Қазақтың Ленинграды, – деп жазды Сырбай аға бір кезде. Бұл өлеңді әлгі Амангелді мектебін бітірердегі шығармада мысалға келтіріп едім,

жатады. Сылаң қаққан сұлу сөздер сыңғырлап, сезімге бойын қайытып, тылсым сәттер түйсікке дендеп түскенде қара сөздің қасиеті таңдайыңа татып, маңдайыңа батып, жан рахатын сезінесің.

Жағалауда құба тал,
Тал арасы жалбыз ғой.
Суат жаққа құдаша,
Келе жатыр, жалғыз ғой...

Ақ балтыры қозғалса,
Ақ көйлегін жел қаққан.
Оң аяғын созғанша,

Сол аяғын шаң қапқан. Сурет пе, әрине сурет. Сезім бе, әрине, сезім. Екеуі егізденгенде, сыр мен сурет негізденгенде, құдашаның ақ көйлегін жыр желі желпіп-желпіп жібереді.

Жағалауға көз салдым,
Жақындады бойжеткен.

Биыл осы жаз салқын,
Тоңазыдым көйлектен. Сіз де тоңазып кеткендейсіз. Жастық шағыңызға қайырыла жеткендейсіз.

Қадала қарап тұр едім,
Қай жақтан...біреу қабаққа

Қарсыдан шығып қылт етті,
Жүрегім менің бүлк етті...

Жағаның желі жалбыздың
Жас иісін маған үрлеп тұр.

Лирикалық сюжет. Ақынмен бірге оқырманның жүрегі де бүлк ете қалады. Осындай ғажайып шеберлікпен, нәзік көркемдікпен, сыршыл иіріммен, мұңшыл мейіріммен жазу Кеңшілік ақынға ғана тән қаламгерлік қуат. Осындай жауһар жырлар қазақ поэзиясының сыршыл да сезімтал бояуын байытып, ақынның қазақ жырына қосқан үлесін ерекшелендіреді.

Қазақ өлеңінің жан дірілін жазбай танитын эстет қаламгер Сауытбек Абдрахманов «Жиырмасыншы ғасыр жырлайды» атты антологиясының

әр ақынға берген аннотациясында: «Кеңшілік Мырзабеков, басқаны былай қойғанда, «Анар» атты жалғыз өлеңімен-ақ қазақ әдебиетінің тарихында қала алатын ақын» деп баға береді. Келіспеске әддіміз жоқ, шынында да бұл ғажайып жыр адамның аппақ та адал сезімін жырлайтын өлмес өлеңдердің қатарында республикалық антология ғана емес, әлемдік антологияға да сұранып тұрған сұлу жыр. Бұл жырдың туу тарихы, әрине бізге беймәлім, бірақ таралу тарихы белгілі. Алматыда аңыз болып таралған.

...Профессор Зейнолла Қабдоловтың алдында отырған студент емтихан сұрағына мүдіре, кідіре жауап бере бастайды. Сол кезде ұстазы ақын атағы Алматыға жайыла бастаған Кеңкенді тоқтатып: «Кеңшілік, қане бір өлең оқып жіберші» деп жеңілдік жасайды. Кеңшілікке де керегі осы емес пе?! Саңқылдап ала жөнеледі:
Бар ма екен сенің есінде,
Балқаймақ күндер шайқаусыз.
Бұлтиып бір зат төсінде,
Булығып өсті байқаусыз.
Қақпақша жағаң күн қағып,
Қадалған түймең қатарлай.
Кеудеңе кейде ұрланып,
Қарайтын едім бата алмай.



ДАЛАНЫҢ Бозторғайы

...Екінді құлай еңкуге,
Елгезек самал елпілдеп.
Жаға мен жеңнен жел гулеп.
Жел тиген етек желпілдеп,
Ақ тезек тердік арқаға,
Алаша қапшық төркіндеп.
Қапшықты қозғап бар дене,
Көтере берген сәтінде.
Дар ете түсті әлдене,
Көйлегі болар нәтінде.
Секемсіз түр ем алдында,
Сексеніп менен қалдың ба?
Айдындай төсің мөлт етті,
Қос шабақ көлге шолп етті.
Оралып ескен балтырға,
Он екі мүшең керіктей.
Қымсындық неге алдымда,
Айыпты тозған көйлек пе,
Айымыз басқа тағдыр ма?
Одан соң талай жыл өтті,
Ауылыңа талай бардым да.
Сәбиңді көрдім алдында,
Разы боп сонда отырдың,
Айымыз басқа тағдырға.
Омыраудың даусын шығарып,
Алқа мен шашбау тағынбай,
Талшыбық бойың бұралып,
Тәнті етпес қимыл табылмай,
Томардан түскен шоққа ұқсап,
Томсарып көзің жанғанда,
Тай-сезіміңе ноқта сап,
Тулатпай ұстап алғанда,
Жалғанда ешкім жоққа ұсап,
Жайлауға бірге барғанда,
Кезіккенімді білмеппін,
Қадір түн – қайран арманға!
Па, шіркін, өлең-ақ қой. Бұл өлеңді талдап жату ұят, комментарий жасау тіпті ерсі. «Бағалап, ұқтырам деп ақын жанын, тақтай сабап жатқандай тақылдадым» деп Жүмекеден көкем айтпақшы, бұл өлеңді түсіндірем деп өзеуіремей-ақ қояйын. Бастан-ақ келтіріп, өзім де рахаттанып қалдым. Құйылған сөз, төгілген тіркес, табиғи

теңеу, сағыныштың сұлу сызбасы мінсіз өлең мүсіндеп, көңіл дариясына көркем бұлағын құяды. Бұдан артық не керек!
Өлең оқылып болғанда Зекеңнің – өзі де қара сөздің қарагер жорғасы Зейнолла Қабдолов ағамыздың, аялы жанары шоқтай жайнап, жаңа ғана көз алдында құйылып түскендей болған сұлу өлеңге сұқтанып: «Кеңшілік, дайындығың нашар, талантың тамаша, жауабыңа екі, өлеңіңе бес, қорытынды бағаң төрт» деп сынақ кітапшасына қолын мейірлене қойыпты. Бұл оқиға ауыздан-ауызға аңыз боп тарап, өлең құған көгенкөздердің сан толқынына адаспай жетумен болды. Көзі тірісінде кумирге айналған Кеңшілік ақында мұндай антологиялық асқақ жырлар жетіп жатыр. Жалпы, Кең ағаң нашар жаза алмайтын ақын еді. Өлеңді нашар оқи алмайтын ақын еді. Кең байтақ Торғай даласынан парлап ұшып шығып, көгілдір аспанның астында қанатын кең жайып, қазақ даласын армансыз асқақ жырлаған бозторғай еді ол. Қазақ өлеңінің көркемдік кестесіне кең тыныс, кемел самғау бітірген ақынның суреткерлік полотносы парасатқа толы еді.
Оның қаламы қай кезде де тегеурінін танытып, өлеңнің қай жанрында жазса да ақынның өзіндік қолтаңбасын қапысыз танытып, оқырманын тәнті етумен болды. Ақын эпикалық жанрларға батыл қол ұрды, бауырын жазып, барын салып жазды. Оның қаламынан туған дастандар, тіпті өлең-очерктер мен газеттің күнделікті мақалалары да жарқ еткен ойы, жалт еткен тіркесі бар дүние болып шыға келетін.
Кеңшілік көкеммен сол жылдарда елімізге етене таралған екі газетте қатар қызмет атқардық. Ол – «Социалистік Қазақстанда», мен – «Лениншіл жаста»

Жастар газеті мереке-мейрам күндері барын салып, байрағын көтеріп, құлаш-құлаш арнайы нөмірлерін шығаратын. Сол жылдарда газетіміздің сардар басшысы Сейдахмет Бердіқұлов арнаулы нөмірлердің айқара беттеріне өлең-очерк салуды дәстүрге айналдырған. Ондай кездерде маған көбірек салмақ салынушы еді.
Бір жолы, комсомолдың туған күні қарсаңында, еңбегімен елге танымал бола бастаған, ВЛКСМ-ның кезекті съезінің делегаты Кенжеғали Назаралиев деген маңғыстаулық жас мұнайшы туралы өлең-очерк жазу туралы тапсырма алып, Маңғыстау облысына барғанымда, кейіпкерім ауылда болмай шықты. Күтуге уақыт тар. Содан барлық мәліметті мекемесінен алып, көш-құлаш өлең-дастан жазып, арнайы нөмірге жарияладым. Бірде Жазушылар одағының фойесінде Кеңшілік көкеммен кездесіп қалдым.
– Өтеш, мұнайшы туралы жазғаныңды оқыдым. Мен де жақында Маңғыстаудан келдім, сен кейіпкеріңмен кездеспей сыртынан жазыпсың ғой, мұның қалай, – деді дауысын тіктеңкіреп.
Кәсіптерін дөңгелетіп отырған бұл азаматтар өз істерін бірлесіп жүргізіп, бүгінде көлік жөндеудің қыр-сырын толық меңгерген. Заман талабына сәйкес техника жөндеу орталығын жаңаша жабдықтап, түрлі тетіктердің кілтін дөп басқан мамандардың қызметіне жүгініп жүрген халықтың барлығы дерлік ризашылықтарын білдіруі сапалы қызметтің жемісі екендігі сөзсіз.

Жаңа мүмкіндіктерді іздеп, жаңа технологияны пайдаланып, өз жұмыстарына жан-тәнімен беріліп, көпшілікке қалтқысыз қызмет ететін осындай жастардың қатары күннен-күнге көбейе берсе екен дейміз!

Дәурен ӘДІЛБЕК
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

■ АБДИЛА ТAJИБАЕВ – 110

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Халықтың азаттық жолындағы күресінің суреттері мен қанаушылардың отаршылдық саясаты «Африкада» атты поэманың негізгі идеялық мазмұнын құрайды. Ағылшындардың Африканы ұзақ жылдар отар етіп келуінің жағдайларын суреттей отырып, ақын ақша құмар капиталистік дүниенің тыйымсыз бейнесін ашады. Оған бейнет астындағы Африка қарсы қойылады. «Тері – сел боп аққан жауындай, қарқыны – соққан қара дауылдай» халықтың күші тек күреске ғана емес, елінің болашағы, жана



Серік ҚИРАБАЕВ,
академик, ҚР Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты

АҚЫН мен УАҚЫТ

өмір үшін жұмсалып жатқанын көресің, Суэц каналындағы жаңа ән – еңбек әні осыны бейнелейді. Публицистикалық пафос, эпикалық сурет, ойлы сезім – бәрі қосылып, поэманы үлкен ақындық ойдың дәрежесіне көтерген.

50-жылдардың екінші жартысында туған Әбділда поэмаларының көбі-ақ осындай үлгіде жазылған. Ол ақындық монологты кейіте пайдаланып, оны дәуір мен адам туралы толғанысқа айналдырады.

Осы тұста туған Әбділда поэмаларының ең елеулілерінің бірі – «Портреттер». Бұл – өмір туралы, уақыт туралы, жана адам туралы философиялық толғаныс. Мұндағы уақыт мөлшері – қырық жыл. Осы мерзім ішіндегі бір семьяның тағдыры, әр түрлі ұрпақ ауысуы негізінде автор уақыт қызметін ашуға тырысады. Ақындық монолог мұнда поэмадағы оқиғаны, адамдар тағдырын, характерін айқындау үшін пайдаланылады. Осы мерзім ішіндегі бүкіл оқиғаны куәсі болған лирикалық кейіпкердің у.ғым-түсінігі, ойы, адамды танып бағалауы монолог түрінде беріледі. Ол әкесі, ағасы, қарындасы, өзі туралы әңгімелейді. Өмір, тіршілік үшін таласта аға ұрпақ өліп, жастар оның орнын басып жатады. Уақыт өткенде еске ала отырып, тіршілік күйбеңін жас ұрпақтың мойнына артады. Әкеден балаға ауысып келе жатқан шойын сағат – өлмейтін уақыттың, тозбайтын тіршіліктің символы. Поэманың идеялық түйіні біздің қоғамымыз өткен жол – тек күрестің ғана емес, әкелер, ағалар, қарындастардың қанымен келген жеңістің салтанаты екенін көрсетуге құрылады. Сондықтан, мұндай қымбат өмірді сақтау, қадірлеу керек. Өмір портреті жалаң емес, ол сол өмірді жасаған адамдардың, уақыттың портреттерінен жинақталады. Өмір тозбайды, қайғы-қуанышты арқалай ілгері басады.

Сағатым, міне, алдымда менің,
Әкемнен қалған тозбайтын шойын.
Отырмын бағып минутын оның,
Уақытпен бірге қозғалып ойым, – дейді ақын. Өмір туралы ақын толғанысында

болашаққа сенім күшті. Алпысыншы жылдардан бастап Әбділда творчествосы, негізінен, кемелдеу кезіне жетті. Ондағы ой-пікірдің байсалдылығы, өмір сабағын өткен ақынның қоғамдық құбылыстарға көзқарасы, одан түйген қорытындысы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық ғибраттық мағына алады. Ол жалпы адамға тән құбылыстар – достық пен жауыздық, адамгершілік пен сұрқия мінездер, жастық пен қарттық жайында сыр шертеді. Онда өлеңдердің көбі адам өміріндегі уақыттың қызметін ашуға, тіршілік сабағын үлгі етуге құрылады. 60-жылдардан бастап жарық көрген Әбділданың жаңа кітаптары («Кешеден бүгінге» – 1964, «Жартастас» – 1967, «Көне қоңырау» – 1973, «Құрдастар» – 1977, «Таныс дауыстар» – 1984) бізге осы жағынан бағалы. Ондағы жырлар өмірдегі көргені, түйгені көп, оқырманға айтары мол, шаттығы бар, мұны бар ақын сезімін толық бейнелейді. Ол – гуманист, адамды ардақтайды, сол арқылы тіршілікті, бейбіт өмірді жырлайды. «Тынықсын, тимендер адамға», «Мейірімім», «Адамға», «Адам» т.б. жырлар – осы ойдың жемістері.

Шаршаған адамның ажарын,
Көре алман, қиналам ішімнен.
Тартқанмын, өзім де азабын,
Түсінем, бәрін де түсінем.
Дем алу керек қой әркімге,
Тынықсын, тимендер адамға.
Ертең де күш керек қоғамға,
Ертең де күш керек адамға.
Ғашықпын өманда ынтқыпқын,

Көңілінің күні бар адамға.
Сақтандар көрінен сұмдықтың,
Керек ол маған да, саған да, – дейді ол.
Адамға деген ақын мейірімінде шек жоқ, оның жылуы жоқ үйлерге от боп жанғысы келеді, жарығы жоқ үйлерге шам боп жанғысы келеді.

Әбділда ақынның азаматтық кейіпі оның кейінгі ұрпаққа, оқырмандарына ұсынар бай тәжірибесінен, айтар өнегесінен, бай сезім сырынан танылады. Ол өмірді шаршамай, жалықпай сүйіп жырлайды. Жақсылық пен жамандық, жарық пен қараңғылық, жылылық пен суықтық сияқты қарсы құбылыстарды қатар алып бейнелеп, көбіне өзіне солардың жарқын жағын таңдайды. Адам бойынан тек жақсылықты көруге ұмтылады. Жақсымен кездесу оған ылғи күш береді, ханын қызықтырады, ақындық ойын, сезімін қозғайды.

Ішінде оның тұрған шығар шам жанып,
Қашан көрсен төңірегі оның жаппарық.

Қандай екен, қандай екен жүрегі,
Көрер ме еді көкірегін қақ жарып, – дейді ол «Осы адам» атты өлеңінде. Сондықтан да ақын ылғи «көктемнің көгін ансап түс көреді», «Аппақ жаны шарқ ұрып, қос шағаласы шаңқылдап», өмір – толқын үстінде кетіп бара жатады.

Әбділда ұғымындағы адам – өз заманының ізгі мұратын бойына сыйғызған ұлы тұлға. Оның нақты сипаты бар. Оның жүріп өткен жолы да – адамзаттың үлкен жолы. Ал, үлкен жолдың қашан да бұрыс, бұраланы болады. Оның бәрін көріп білу, одан да өту оңай емес. Сол жолдың адам аяғы ілінбеген «ақтандағы» болса, ол да адамға жаңа міндет артады. Бұл ойлар, әсіресе, «Жол туралы», «Жатыр жолдар алдымда бұрандаған», т.б. өлеңдерде әдемі түйін табады. Ақын жолдан адам өмірінің ізін көреді, оны арамдықпен былғамай, таза ұстауды мұрат тұтады. Өйткені жол адам баласын алысқа апарды, оның тіршілігі мен барар бағытын нұсқап тұрады.

(Жалғасы бар)

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының «Оңтүстік Қазақстанның жүрегі – Мырзашөл» деген лебізі қанатты сөзге айналып кетті. Ал, Мырзашөл дегеніңіз екі ел – Қазақстан мен Өзбекстанның шекарасы болып түйісіп, тұтасып жатқан шұрайлы да шырайлы өлке. Осыдан небәрі бір ғасыр ғана бұрын бұл жер шағыл басып жатқан құла дүз, сағымды сары дала болатын. Сол даланы игеруге, гүлдендіруге белсене атсалысқандардың бірі әрі бірегейі – Бегім Серікұлы ағамыз.

Тағдыр деген тосындығымен, жұмбақтығымен, тіпті, қиындығымен де қызық қой. Ол кезде Компартияның қылышы қылшылдап тұрған кез. Айтты, бітті, бұйрығы сөзсіз орындалатын. Сол Компартия Бекеңді өз ауылында түрлі комсомол, шаруашылық, партия мектептерінен өтіп, енді жетіле бастаған шағында 1967 жылы осы қасиетті дала Мырзашөл өңірінен ашылған Мырзашөл аупарткомына ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі етіп алып келді. Алайда, бұл келіс аттай 33 жылға созыларын ол кезде өзі де, өзгелер де сезген жоқ. Аупарткомда тапжылмай үш жылдай отырды. Жаңа аудан шаңырақ көтеріп, түрлі жаңа шаруашылықтармен толыға түсті. Содан кейін Бекеңді енді ғана ашылған 19 «А» шаруашылығына директор етіп жіберді. Ол кезде Бегім Серікұлының жасы небәрі 31-де еді.

1971 жылдың мамыр айында қазақтың нар тұлғалы ұлы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың табандылығымен 1963 жылы Өзбекстанның құрамына берілген оңтүстіктегі үш аудан – Мақтаарал, Жетісай және Киров аудандары Қазақстанға қайтарылды. Шынында да, бұл өзбек ағайындар үшін күткен де, күтпеген де жағдай еді. Олар істің бұлай боларын алдын-ала сезді ме, осы аудандардағы жарамды техникаларды, басқа да құрал-жабдықтарды өздеріне қарай тасып, аймақты түгел Қазақстанға тапсыруға дайындалғандай болды. Қоғам және мемлекет қайраткері Егемқұл Тасанбаев ағамыз «Өзім ескен өлкеде» кітабында құжатта «сол кездегі шекара бойынша» деудің орнына, «қазіргі шекара» делініп кетуінің салдарынан біраз жер Өзбекстанда қалып қойғандығы туралы жазған. Дәл сол себеппен Бекең қызмет еткен шаруашылық та көрші елдің еншісінде кетеді.

Бекең жаңа кеңшарда жұмысын жалғастыра берді.

Әрбір адамның өмірінде бақытты да естен кетпес сәттері болады емес пе?! Бекең де сондай бір сағынышты сәттерін ұмытпайды. 1980 жылы тамызда Алматыда өткен Қазақ КСР-інің 60 жылдық мерейтойы көнекөздердің әлі есінде болса керек. Бұл тойға КОКП ОК Бас хатшысы, Димаш Ахметұлының сыйлас досы Леонид Ильич Брежневтің өзі қатысатын болған. Осыған орай Саяси Бюро мүшелері, республикалар мен Одақтың түрлі саладағы басшылары, ғалымдар, қоғам қайраткерлері мерейтойға түгел шақырылған. Өзбекстаннан Ш.Рашидов бастаған үш адамдық делегацияны аэропортта Димаш Ахметұлының өзі күтіп алды. Делегация құрамында кімдер бар еді дейсіз ғой? Әрине, мұндай жиынға елдің назарындағы, халықтың нағыз құрметіне ие азаматтар шақырылатыны сөзсіз. Шараф ака қасына Чкалов атындағы Ташкент ұшақ жасау зауытының бас директоры, Социалистік Еңбек Ері, техника ғылымдарының докторы, республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты Сивец Виктор Николаевичті ертіпті.

Ал, енді үшінші делегат кім? Ол туысқан Димекеңнің қолын алып, осынау дүбірлі тойдың куәсі болған Өзбекстаннан келген жалғыз қазақ Бегім аға еді. Шараф ақаның екі елдің тарихын терең білетін, ақылды да көреген саясаткер ғой, қуаң даланы маңдайы тершіп игеріп жатқан қазақ баласы дегісі келді ме, таңдауды Б.Серіковке жасапты. Содан болса керек, аэропорттан қарсы алып жатқанда:

– Мырзашөл аупарткомының



МЫРЗАШӨЛДІҢ мақтаншысы

бірінші хатшысы, шөлейт жерлерді игеруге үлкен еңбек сіңірген Серіков Бегім, – деп таныстырыпты.

Бұл сөзге Димаш Ахметұлы біраз ойланатын қалады.

– Иә, баяғы тарихи Мырзашөлден десеңізші, – дейді.

– Иә, өзіңіз жақсы білетін Мырзашөлден, – дейді қонақ. Әңгіме осымен тамам болып, барлығы күтіп тұрған көліктерге отырады.

Шынында да, Өзбекстанда тұратын бір жарым миллион қазақтың ішінен таңдаудың (олардың арасында министр, облыс, аудан басшысы болған қандастарымыз аз емес еді) Бекеңге түсуі кездейсоқтық емес. Оның еңбексүйгіштігі, ұқыптылығы, қарым-қабілеті таң қалдырмай қоймайтын. Сөйтіп, Бегім аға тұған елінің тойында республиканың бірінші хатшысымен диалогтасып, түрлі іс-шараларға қатысып, қуанышы қойнына сыймай қайтып еді.

Бекең шаруашылыққа ғана емес, руханиятқа да қамшы салдырмайтын азамат еді. Сол кезде осы аймақта қазақ тілінде «Достық» атты газет шығып тұрды, онда елімізге белгілі ақындар мен қаламгерлер жұмыс істеді. Солардың ішінен Шарапхан Кенжеханов, Есенғали Раушанов, Мылтықбай Ерімбетов, Бекшүкір Қаршалов, Ақылбек Төребеков, Темірхан Әлиханов, Ақшағұл Рамазанова, тағы басқаларын ерекше атап өтуге болады. Бұлардан бөлек қолына қалам ұстаған қаншама жас талант түлеп ұшты. Бекең осы талантты іні-қарындастарының баспасөз беттеріндегі «артық сөз», ерке қылықтарын кешіре білді, жоғарыға да білдірмей жібберетін. Содан да болар, «Достық» газетінде қазақ үшін өзекті мәселелер оябын тауып айтылып жататын. Бірде «Есенғали, сенен түбі мықты ақын шығады, Алматыға бар» деп батасын да беріпті. Сол үшін де олар қамқор ағаларын ұмытпай сәлемдерін айтып жүреді.

Мырзашөл даласы Өзбекстанға қарағанымен қазақ өнер шеберлерінің сағына жететін мекені болатын. Көрші Жетісай ауданына келген өнерпаздарды Бекең аттай қалап шақырып, міндетті түрде қонақ етіп жіберетін, аудан тұрғындарымен кездесу ұйымдастыратын. Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов, Мұхтар Шаханов, Қалдарбек Найманбаев, Тұманбай, Қадыр, Сағи, Фариза, Ысрайылдан бастап Күләш Ахметоваға дейін қазақ өнері мен әдебиетінің майталмандары Мырзашөл жерінде қадірлі қонақ болып, төрден орын алды. Мұның бәрі де аудан басшысының өз тіліне, салт-дәстүріне деген сый-құрметінің белгісі еді...

алды. Бұл жолы да Бекеңнің арқасында қырманға мақта, қамбаға бидай толды. Мемлекеттік қызмет мұрша бермей кетіп еді, енді осынау тыныштау кезеңді пайдаланып, кандидаттық диссертациясын жаза бастады.

Бірақ, тағы да жоғары жақ бас бұрғызбады. Бұл жолы оқиға басқашалау өрбіді. Арада бір жыл өткенде облысқа жаңа әкім болып өзінің депутаттық корпустығы танысы әрі әріптесі Шавкат Мирамонұлы Мирзиёев тағайындалды. Ол өзінің алғашқы сөзінде Жызақтың экономикасын көтеру үшін ауыл шаруашылығы жөнінен мәслихат кеңесін құратынын, оның жетекшісі етіп өмір көрген, ауыл шаруашылығы саласында тәжірибесі мол, елдің де, жердің де жағдайын жақсы білетін Бегім Серікұлын бекітетінін мәлімдеді. Бекең біреу сенім артса, оны абыроймен орындауға, ұтқа қалдырмауға тырысатын жан. Қанына сіңген қасиет қой. Баяғыда Мырзашөл

ауданының ең алғашқы басшысы Сатай Керімов те сеніп, өзін шақыртып еді. Сол сенімнен шығуға бар күшін салды. Кеңшарға алғаш директор болып қызметке кіріскенде де оның іскерлігіне күдік келтіріп жүргендердің аузына құм құйылды. Шараф ақаның сенімін ақтап, ауданды түлетті. Содан соң халық депутаттығына сайланып, жаңа заманға лайықты ойларымен жұртты аузына қаратты. Сонда Бекең мінберде тұрып сөз сөйлеген кезде зал сілтідей тынатын. Бірде Өзбекстан президенті И.Каримов келіп «Мен Сізге сенемін» деп еді, ауданнан 90 пайыз артық дауыс жинап берді. Енді, міне, Шавкат Мирамонұлының (ол кезде байтақ елдің екінші президенті болатыны ешкім білген де, сезген де жоқ еді ғой) мейірімі түсіп отыр. Меселін қалай қайтарсын?! Оның адамдық ниетін, азаматтық сөзін жерге тастай алмады. Бекең кіріссе, береке болатынын жаңа басшы сезгендей-ау шамасы.

Сонымен, Бекеңді кеңесші етіп сайлап, жанына жақын тартты, қосымша облыстық астық дайындау мекемесін басқарды, дегенмен, негізгі жұмысы ретінде дала өнімдерін молайтудың жолдарын қарастырумен айналысты. Мұндай лауазымды қызметтерге шынында да Бекеңнің білімі де, тәжірибесі де толықтай жететін. Талай құнды пікір, ұсыныстарды, талаптарды облыс әкімінің аузымен айтқызыды. Құдайға шүкір, ел-жұрт одан жаман болмады. Көздеген межелер орындалып, өңірде тың өзгерістер орын алды. Облыс өрлеудің жаңа сатысына көтерілді. Бұған, біріншіден, халық қуанды, басшылыққа ерекше ризашылықтарын білдірді. Екінші жағынан Бекең де, облыс әкімі де маңызды істер тындырып, елдің алғысын арқалады.

Жызақ жерінде жемісті жылдар, айдарлы айлар, қайта айналып келмес қызықты күндер зымырап өтіп жатты. Облыс басшысы Шавкат Мирамонұлы бірде Бекеңнің жүрегіндегі толқуды көріп тұрғандай ойламаған жерден бір ұсыныс айтады:

– Бегім Серикович, сіз біз үшін туысқансыз, елдің ағасы ретінде сыйлаймыз. Сондықтан, сіздің мерейтойыңызды өзім басында тұрып, өткізіп беремін, шақыратын дос-жарандарыңыздың санын айтыңыз, – дейді.

– Сізге рахмет, Шавкат Мирамонович! Өзіміз-ақ өткізірміз, – деп ізетпен жауап қайырады.

– Бегім Серикович, укаларыңыз тұрғанда, ешнәрсеге де алаң болмаңыз, – деп Шавкат Мирамонұлы көнбей қояды.

Сөйтіп Бекеңнің 60 жылдық мерей-

тойы 1999 жылы 5 мамырда Жызақ қаласындағы «Форум» мейрамханасында ерекше салтанатпен өтеді. Мұндай үлкен құрмет, сый кісі елі тұрмақ, өз елінде кем көрсетілетін, кей басшылар ескере бермейтін іс-шара екені шындық қой. Мұндай сыйды миллиондардың ішінен тек Бекеңге бұйырған бақыт десек қателеспейміз. Бұл тойға Ташкент шаһарынан өзбек эстрадасының танымал жұлдыздары әнші Фахруддин Умаров пен Ходжаақбар Ниязов келіп, әсем дауыстарымен қонақтарға ән шырқап береді. Мерейтойды сол кездегі облыс әкімі, бүгінгі республика президенті Шавкат Мирамонұлының өзі ашып ақтарыла сөйлеп, мерейтой иесіне ризалығын білдіріп, иығына зерлі шапан жабады. Бұл тойға бұрынғы Үкімет басшысы Н.Худойбердыев, Орталық Комитеттің хатшысы А.Шагазатов, министр Х.Қойбағаров, облыс әкімі болған Ә.Айдарқұлов, академик Қ.Сейданов, жалпы облыс басшылығы түгел қатысса, Қазақстаннан сол кездегі аудан әкімдері К.Төлебаев, И.Үмбетбаев, «Ақ алтын» акционерлік қоғамының президенті А.Өтенұлы оның орынбасары Ж.Әбдіәзімов секілді тағы да басқа азаматтар қонақ ретінде шақырылды. Жалпы, өзбек елі Бегім ағаны ерекше бағалап, құрметтеді. Адамды бағалау, еңбегін ескеру, құрметтеу деген осындай-ақ болсын. Мемлекетке қызметі өткен жандарды қалай сыйлау керектігін өзбек ағайындардан үйренсек, қанекі!

Өзбекстанда тұрған уақытында Шараф ақаның 75 жасқа толуына орай қазақтың біртуар перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ағасы келген. Тәшкеннен күтіп алып, Жызақтағы алқалы жиынға әкелген. Бұрынғы ескі достары Өзбекстан, Түркіменстанның бірінші басшылары Н.А.Мухиддинов пен М.Гапуровпен кездеседі, сонда үш арыстың иығына қазақтың ұлттық шаланын жапқан осы Бекең-туғын Қашан да үлкенді құрметтейтінін көрсетіп, қазақтың ата дәстүріне сай қариялардың батасын алды. Кейін де ағасының отбасында қонақ болып, ел ақсақалдарымен шай үстінде сұхбат құрып еді.

Жалпы, Бекеңнің бойында үнемі алға сүйрейтін бір тылсым күш бар, әсіресе, өзін-өзі тәртіпке бағындыра алатын қасиеті сүйсіндірмей қоймайды. Алдына мақсат қойды ма, соған жетпей тынбайды. Бұл – әке қанымен, ана сүтімен дарыған қасиет. Бұрынғы атақ-даңқын бұлдауды қойып, өзін таныту, мойындату үшін де бір тынбайды. Елдегі ағайындардан екі ұсыныс түседі, бірі су шаруашылығы саласындағы қызмет болса, екіншісі «Сырдария» университетінде ұстаздық еңбек. Екеуі де көңіліне қонды, бірақ таңдауды соңғысына жасайды. Өйткені, сыртта жүрген қандас бауырларына қамқорлық жасауды борышы санады. Ұстаз болып талай шәкірт тәрбиеледі, қазір жүздеген бала сол кісіден тәлім алуда, келешекте олар атамекенінде қалады деген үміт басым, ата-аналары да ұл-қыздарының артынан елге келіп қосылар. Иә, бұл да Бекеңнің алыстан ойлай білетін көрегендік қасиеті.

Қазір Бегім аға бабында, сексенде де сергек қалпы. Біз адамның еңбегі жасымен емес, жасаған еңбегімен өлшенетін заманда өмір сүріп жатырмыз. Әлі де ойда тың идеялар көп, оны өзінің кейінгі кітабында былайша баяндайды: «Жалпы, қоғамның, Елбасы саясатының талаптарына сәйкес алға қадам басуына, еліміздің, халқымыздың мерейін үстем етуге, Қазақстанның жарқын болашағы үшін жаппай қозғалыста өз орнымызды табу, ұлы мақсаттарға жету жолында өнегелі істер жасауымыз керек».

Иә, өзінен артық біз не дейміз, мақсатыңызға жете беріңіз, екі елге де еңбегі сіңген қадірлі тұлға, аяулы аға!

Жолбарыс ТІЛЕУҰЛЫ,
Жетісай ауданының
құрметті азаматы.
Түркістан облысы



Қасекеннің жыраулық өнері жұртшылыққа кеңінен танылып әр-түрлі той-жиындарға шақырыла бастайды.

Менгеріп жырдың түрлі мақамдарын, Отызда ақын Қасқыр атанғанмын. Сонан соң назым сөзге үйір болып, Шөліккеп тұнығынан бас алмадым,—деп Қасекеннің өзі айтқандай, атақты Құтбай ақын, Қайыпназар, Тәшман жыраулармен қатар жүріп, бірі-бірінен үйреніп, шеберлігін шындай түседі. Қызды-қыздыға келгенде өткір де, ғажап ұйқасқа толы жыр шумақтарын суырып сап, төгіп-төгіп тастайтын да шамаға жетеді. Бұл қасиет Қасекенді ақындар айтысына әкеп қосады. 1989 жылы атақты Таубай әулиенің асында үш ақынды жеңіп ақбоз ат мінеді. Бұдан өзге де айтыстарға қатысып Әселхан, Тәушен апамен де сөз қағыстырған кездері болады. Тәушен апа мұның ұрымтал, өткір сөз ұйқастарына қарап, «сен ақын болғанда да, ақынның қасқыры екенсің» дейді. Дуалы ауыздан шыққан сөз тегін бола ма, сонау 1984 жылдан бастап бұрынғы

келетін көсем ой, қас шеберлік, жүрекке жылы ұялайтын қазақы уыз тіл бір-бірімен жымдасып, терең өрілгенде ғана болатын құбылыс. Сондықтан да Қасекеннің «Күзгі бақта», «Төлқұжатым», «Қазыбек Исаға», «Құтбайға» деген сықылды көптеген өлеңдері Қадыр Мырзалы, Темірхан Медетбек сықылды жыр сүлейлерінен оң бағасын алыпты.

Енді біз бұл айтылғандардың бәрі құрғақ сөз болмас үшін төмендегі «Төлқұжатым» өлеңіндегі мына бастапқы екі шумақты алайық:

Ей, оқырман — жырларым ұнағандар,
Мен өлгенде ешқайсың жыламандар.
Өмірі өксіп өткен ақын дендер,
Кімдігімді болса егер сұрағандар.

Жыламандар,
Ешкім де жыламансын!
Шошытып аласыңдар Жыр-Анасын.
Артымнан сөз көп ерген бейбақ едім,
Көрде тыныш жатсыншы мына басым.

Төлқұжатым

*Ей, оқырман, жырларым ұнағандар,
Мен өлгенде ешқайсың жыламандар.
Өмірі өксіп өткен ақын дендер,
Кімдігімді болса егер сұрағандар...
Өтінішім, ешқайсың жыламандар!*

*Жыламандар,
Ешкім де жыламансын!
Шошытып аласыңдар Жыр-Анасын,
Артымнан сөз көп ерген бейбақ едім,
Көрде тыныш жатсыншы мына басым.*

*Шыға алмай жоқшылық үдесінен,
Шаршадым мен, шаршадым күресуден.
Қасқыр ақын өмірден өтті дендер,
Талай қазақ хабардар бұл есімнен.*

*Мен де адаммын қуаныш, болған қайғым,
Енді бүгін оталған ормандаймын.
Оттай ыстық біреуге ғашық болып,
Оттан сақтай алмаған сормаңдаймын.*

*Болмаса егер бәрінің санасы өлген,
Біреулер кеп ап кетер қаласа елден.
Бәрінен де қиын-ау бауырыма,
Бір омыраудың ақ сүтін таласа емген.*

*Өткенімді сұрама, толы мұңға,
Бастан өтті қорқыныш, қорыну да.
Мен өлген соң кәнігі ақындардай,
Жерлей қоймас Кеңсайдың қорымына.*

*Құрысыншы, бәрі де құрысын да,
Қимайтандай не қалды ұлысымда.
Жер де, су да, байлық та, бостандық та,
Жемқорлар мен жебірлер уысында.*

*Ей, оқырман, жырларым ұнағандар,
Мен өлгенде ешқайсың жыламандар.
Қасқыр ақын өмірден өтті дендер,
Кімдігімді болса егер сұрағандар...
Өтінішім — ешқайсың жыламандар!*

Осы жыр жолдарын оқи отырып, біз бүгінде көзден ұшып, ұмыт болуға айналған баяғы қазақ ауылының ғажап бір көрінісін қайта көргендей болатынымыз анық. Ақын жыр өрнегін қайта жалғай отырып:

Ел қимай қоштасарда ертеңіне,
Күтекен айналатын ертегіге.
Әйелдер ырым жасап жатушы еді,
Баласын аунатып ап етегіне, — деп, тарихи таза этнографиялық көріністі көз алдыңызға қайта жайып салады. Бұдан артық жауһар дүние, бұдан артық шеберлік бола ма? Сондай-ақ Қасекеннің кітапта көптеп кездесетін:

Дүниеге келгеннен соң сапарланып,
Қайтуың сол жолменен қашан да анық.
Пысықсып жүргендер де ертелі-кеш,
Аяғын үзенгіге артар барып.

Жалқау мен әккі құдың күні туды,
Құр шықпас сасық судан қармақтары.
Көзіне пұлдан өзге дым көрінбей,
Ел үшін екі аяқты аң қаптады.

Кеудедегі шыбын жан,
Аманаты Алланың.
Өмір — теңіз, біз — балық,
Әзірейіл — балықшы,
Қабамыз бір күн қармағын.
Осы секілді кісіні бір көз жүгірткеннен селт еткізер тосын сөз саптау мен ой-толғамдары оқыған жанды бір ойландырмай қоймайтыны тағы бар.

Сонымен қорыта келе айтарымыз, осы кітаппен танысқан жан 70 жастағы ақынның туабітті табиғаттан алған ең қымбат сыйы — ата-ана, туған жер, туған елге деген перзенттік жүрек соғысының адалдығына көз жеткізери сөзсіз. Сондықтан, бүгінгі қазақ поэзиясы майталмандарының легіне ел күйінсе күйініп, ел сүйінсе сүйініп, оған арнап керемет жырлар жазып жүрген өзіндік дара жолы, дара айтары бар нағыз жыр сүлейінің бірі келіп қосылғанына еш күмәніңіз болмасын.

Бердалы РЫСБЕКОВ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

«АҚТЫМ МЕН ТАЛАЙ, «ҚҰС ЖОЛЫМЕНЕН» БҰРҚЫРАП...»

Менің Қасқыр ақынмен (Қарсыбай Серікбайұлымен) танысқаным 4-5 жылдың жүзі болды. Таныстығымыздың басы, Қасекеннің қызы менің туған бажама келін болып түсті де, содан бері екеуміз түрлі жиын, той-томалақтарда жиі кездесе бастадық. Бір-біріміздің шығармашылық кештерімізде болдық. Осылай шығармашылық өмір жолдарымызбен де танысып, бір-бірімізді бір кісідей білетін шаққа жеттік. Әсіресе, мен бұл кісіні, оның 2013 жылы «М-талант» баспасынан шыққан «Өткел» атты кітабын оқығаннан соң жете біле бастадым ғой деймін. Бұл кітаптағы шып-шымыр жыр ұйқастары мен кісіні еріксіз селт еткізер тосын теңеу, терең ой, жазық далада бауырын жазып көсіле шапқан дүлдүлдей ақынның жыр жазудағы еркін қалам тербеуі шынында да бізді тәнті етті. Сөйтіп, кітапқа алғысөз жазған М.Ерімбетовтің сөзімен айтқанда «әр сөзі алтыннан да зият қасиет Қасекеннің көзінде емес, сөзінде екеніне, заманынан 200 жыл кеш туған сері Қасекеннің өлеңіне шіреге үймелеген шіркейдей құмар адам» шынында да өте көп екеніне көзіміз анық жетті. Осылай бұл кісінің соқтықпалы да соқпақты өмір жолы бізді енді одан сайын қызықтыра түсті.

Сөйтсек, Қасекен 1950 жылы бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданы, «Қызылқұм» кеңшарының Дар-база елді мекенінде дүниеге келіпті (Бұл жер 1963 жылдан Өзбекстанға беріліп кеткен). Ондағы 10-жылдық мектепті бітірген соң, Самарканд ауыл шаруашылық техникумына оқуға түсіп, оны зоотехник мамандығы бойынша бітіреді. Одан соң әртүрлі шаруашылық ұжымдарда зоотехник және басқа да мамандықтар бойынша жұмыс істей жүріп, 1970 жылдан аудандық «Шаруа» газетіне тілшілік аудармаға тұрады. Сол күннен бастап бұл кісінің шығармашылық жолының тың бастауы ашылады. Бұрыннан да шама-шарқынша өлең-жыр жазып жүрген жас жігіт енді біржола бұл іске шабыттана кіріседі. Жастарды адамгершілікке, ізгілікке, ата дәстүрді құрметтеуге шақырған жана терме, жыр-толғаулары өмірге келеді. Бұл жырлар аудандық газет арқылы тез тарап, оны үлкенді-кішілі жыраулар қағып алып, елден елге таратып айта бастайды. Бұл жас ақынға тың шабыт беріп, арқаланған жас жігіт енді қолына домбыра алып, өз термелерін өзі де орындап, жұрттың ыстық ықыласына бөленеді. Құдай берген құлақ құрышын қандырарлық зор дауыспен терең мағыналы терме-толғаулар тыңдаушысын тамсандырып жұртшылыққа тез тарай бастайды. Ә демей-ақ, ел жас жігітті «ақын бала, жырау бала» атап кетеді.

Иә, айтса айтқандай, дана табиғат бұл кісіге «осы баладан қарыздар болмайыншы» дегендей жыраулыққа тән бар асыл қасиеттің бәрін берудей-ақ берген екен. Дене бітіміне қарасаңыз, Балуан Шолақтың өзін көзге елестететін, қорғасындай салмақты әрі әсерлі, зор дауысына қарасаңыз Левитан мен Ермек Серкебаевтың өздері келіп қалды ма дейтіндей, ал домбыраға қосылып шырқай пөйзелгенде, деміңізді ішке тартып, әлде бір пейіш дүниенің сиқырлы құшағына еніп бара жатқандай, осы әуен үзілмесе екен деп, жан рахат күй кешетініңіз тағы бар. Тоқ етерін айтқанда, шайыр дауысы сізді еріксіз өз әлемінің тұтқыны ететіні сөзсіз. Осылай

Қарсыбай жыраудың аты өзгеріп, ол енді Қасқыр ақын атала бастайды. Содан уақыт өте келе, халық бұл кісіні біржола «Қасқыр ақын» атап кетеді, кітапқа да Қасқыр есімінің берілуі содан екен.

1992 жылы Ташкентте атақты қолбасшы, шешен, баһадүр Сырым Датұлының туғанына 200 жыл толуына орай өткізілген халықаралық айтыстың ақтық сынында алматылық ақын Есенқұл Жақыпбековты жеңіп 1-ші орын алады.

Тек өкініштісі, ел егемендігін алған 90-шы жылдары барлық шаруашылықтар ыдырап, бүкіл ел дағдарыстан не істерін білмей, күйзелген халық қап арқалап кеткен кезең Қасекеннің отбасына да оңай соқпаған секілді. Айтыс түгілі, өлең-жыр жазу жайына қап, ақынымыз жанбағу жолына түседі. Шығармашылық ақыны қашан да шаруаға олақ келеді емес пе? Бір жағынан шамырқанған шабыт қысса, бір жағынан шын тарыққан қатын-бала қамы есенгіретіп, Қасекен тығырықтан шығар жол таппай әрі-сәрі күйге түседі. Біршама алтын уақытын босқа өткізіп алған Қасекен тек екі мыңыншы жылдардан соң қайта ес жиып, қолына қаламын қайта алып, жана жырлар жазып, бұрынғы жазғандарын да жинақтай бастайды. Нәтижесінде 2013 жылы Қасекеннің «Өткел» атты жеке жинағы баспадан шығып, оқырманның қолына тиеді. Бұл кітап шынында да оқырмандар арасында үлкен қызығушылық тудырған жинақ болды, қолдан қолға ауысып оқыла бастайды. Қасекеннің «Қасқыр ақын» атты 2-ші кітабы да қолымызға тиді, үшіншісі баспада жатыр. Қарымды қаламгердің шығармашылық көші осылай өз бағытын қайта түзеуге көшеді.

Ал енді осы кітаптарда жазылған жыр жолдарын біраз көз сүзгісінен өткеріп қарасақ, әр бетінде ғаламат сыр тұнған тұп-тұнық шәрбат сусынындай керемет жыр жолдарын көреміз. Оны бас алмай, ақырына дейін оқып шықпауыңыз да мүмкін емес. Өйткені сіз, Жыр-құдіреттің алдында жәй мүсәпір пендеге айналдыңыз. Бұл, әрине, нағыз сөз зергерінің ғана қолынан

Міне осы екі шумақ өлеңді оқығаннан соң әрі қарай жылы жауып қоя аласыз ба? Жүрегіңізді дір еткізген бұл жұмбақ жолдардың арғы жағында не жатыр? Ақын не айтпақшы? Сөз жок, әрі қарай да бар ынтамен бас алмай оқып шығатыңызға біздің сеніміміз көміл. Сондай-ақ, мұндағы тасқа қашағандай шебер ұйқас, сөз мәнісіне қараңыз, буын үйлесімділігіне үңіліңіз. Бір үтіріне дейін өзгерте алмайсыз. Немесе Қасекеннің сонау жылдары Өзбекстан елінде қалып қойған «Қызыл» атты туған жеріне деген сағынышты жыр жолдарын көрейік. Осы қасиетті жер пұшпағын ақын естен шығармауды ұлына аманаттап отырып, былай дейді:

Ұлым менің, бұл саған аманатым,
Алыс емес айтардай ара да тым.
Жұмыр жерде нүкте бар «Қызыл» деген,
Туған жері өкеңнің саналатын.

Барсаң балам несі бар салмақтайтын,
Пенделіктен бір жола аулақтайсын.
Ата-әженнің сүйегі сонда жатыр,
Топырағына алаңсыз аунап қайтқын.

Кездеспейсің адамның ұсағына,
Ыстық келер құмындай құшағы да.
Барғаннан-ақ бағланын жығып салып,
Жүгіргілеп жатады пышағына.

Ұяндықтан алған жөн араны ашып,
Құм елінің қашан да қабағы ашық.
«Қаншайымдай» шоқы бар шыға қалсаң,
Жұлдыздармен кетесің араласып.

Сексеуілін айтсайшы, сексеуілін,
Балықкөзге жете ме екпе гүлің.
Күн төбеден аумайды, содан болар,
Қысқа болар ғұмыры көктемнің.
Бұл жерде де біз ақынның туған жерге деген сыздықтаған сағынышымен қоса қатар өрілген құм табиғатының ғажап суреттерін көреміз. Оның адамдарының ыстық ықыласына бөленгендей боламыз. Өзіміз ақынмен бірге болғандай керемет ой кешеміз. Міне, осының бәрін бір арнаға сыйыстырып, оқырманды өзімен бірге қоса тебіренгіп отырған шайыр шеберлігіне енді қалайша сүйсінбейсіз?!

Сол сықылды Құтбай ақынға арналған мына жыр жолдарына қарасаңыз:

Тұлғасы Нұратаудан асқан ақын,
Сырнайын созып біраз баптанатын.
Сонан соң қонырлатып, мамырлатып,
Бір әуен жанға жайлы басталатын.
Бір кезде мұзбалақтай сілкінуші ед,
Билеп ап тыңдаушының астанасын.
Қолтығы қызғаннан соң бірте-бірте,
Жырлардың не жәуһарын ақтаратын.
Хабарын естігендер шартараптан,
Ауылға шұбап келіп бас салатын.
Туырлығы туралып киіз үйдің,
Сынуға керегесі шақ қалатын.

■ JAŃA KITAP

ҚР Ұлттық кітапханасындағы Н.Дәулетова атындағы залда белгілі ғалым, қоғам қайраткері, академик, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Оразалы Сәбденнің «Абай, Қазақстанның болашағы және әлемдік цивилизация» атты қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарыққа шыққан кітабының тұсаукесері рәсімі өтті.

АБАЙ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТ

Іс-шараны ҚР Ұлттық кітапханасының директоры Бақытжамал Оспанова құттықтау сөзбен ашып, шараның модераторы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры Әзімхан Сатыбалдинге сөз кезегін берді.

Уәхит Шәлекенов, Ораз Баймұратов, Халық Абдуллаев, Софы Сматаев, Сағындық Сатыбалдин және Осман Асылы сынды зиялы қауым өкілдері кітаптың тұсаукесер рәсімін жасап, ізгі-ниеттерін білдірді.

Автор Оразалы Сәбден өз кітабының бірнеше данасын Ұлттық кітапхананың алтын қорына табыстады. Сонымен қатар, кітаптың жалпы құрылымына тоқталып, іс-шараға келген қонақтарға жете таныстырды.

Бұл кітапта жаңа әлемдік өркениетке, 7-ші формацияға өтуге арналған академиктің 10-шақты концептуалды идеялары мен жобалары берілген. Кітап 3 бөлімнен тұрады. 1. Абай әлемінің Қазақстанның жаңа өркениетке өтуге септігі (автордың 15 сөзінде берілген). Оның ішінде Абайдың «Толық Адам» философиялық ілімін іске асыру (I бөлім). 2. Түркі империясының дамуына елеулі үлес қосқан тарихи тұлғалар (30) туралы қысқаша мәлімет. Түркі әлемінің



қайта жаңғыруына серпіліс беру идеясы, оның тетіктері. Түрік халықтары тарихы атты көркем суретті панорама (II бөлім). 3. Әлемдік цивилизацияға серпіліс берген ұлы тұлғалар (континенттер бойынша 70 тұлға, III бөлім). 4. Эволюциялық даму және әлемдік өркениеттің 8 ба-сым бағыттары бойынша (әлемдік діндер, философия, Ғылым және ФТП, пассионарлық, мемлекет құрылымы, азаматтық қоғам, мәдени-ренессанс) 7-ші формацияға интегралды-инновациялық қоғамға өту жолы.

XXI ғасырдағы жаһандану процесі мен жаңа сын-қатерлер жағдайында автор өз оқырмандарына ой-пікірлерін ұсынып: әлемге жаңа көзқараспен қарауға және инновациялық серпін жасауға, әлемдік өркениеттің дамуын эволюциялық, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан талдауға шақырады.

Халқымыздың дана да дара кемеңгері, данышпан ақыны, әрі ұлы ойшылы — Абай Құнанбайұлының шығармалары мен қара сөздері қазақ халқын, жалпы адамзат баласын екі ғасырдан бері рухани құндылықтарға жетелеуде. Бұл еңбекте Абайдың ой-тұжырымдарын ертенгі ізгілендіру қоғамын құруға, оның моральдық кодексін жасауға пайдалану әрекеттері көрініс тапқан. Қазақ елін алға

жетелейтін құндылықтардың тетіктері мен тың пікірлер берілген, болашаққа бағыттайтын жол мен жобалар да бар. Атап айтқанда, олар:

5. XXI ғасырдағы келешектің концепциясы.

6. Әлемдік валютаны реттеудің әдісі.

7. Кәсіпкерлікті үдемелі дамыту Қазақстан экономикасының өзегі.

8. Түркістанды рухани астана жасау. Ұлы Жібек жолында рухани-технологиялық кластерін құру.

9. Қоғамды ізгілендіру және әлемдік қауіпсіздік.

10. Жаңа қоғамды 5-тік спиралмен басқарудың парадигмасы.

Кітап Лондонда баспадан шықты, Кембридж университетінде автордың қатысуымен презентациядан өтті. Баспаның дерегі бойынша қазір әлемнің 13 дамыған мемлекеттерде сатылуда, 200 ТОП университеттерге жіберілді.

Шара аясында кітапхана қорынан Оразалы Сәбденнің өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесі қойылды.

Іс-шараға белгілі қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, кітапхана оқырмандары және БАҚ өкілдері қатысты.

Гүлмира САДЫҚ

«ТӨЛЕ БИ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТПАҚ

Орталық коммуникациялар қызметінде Түркістан облысының құрылғанына 1 жыл толуына арналған баспасөз конференциясы өтті. Қостанайда балалар кинофестивалі өтті Түркістан облысы әкімінің орынбасары Мәлік Отарбаев Түркістан қаласын түркі тілдес елдердің рухани астанасы ретінде таныту жоспарланғанын айтты. «Бұл мақсаттағы жұмыстар төрт бағытта жүреді.

Оның біріншісі — өңірді зиярат мекені ретінде туристерге таныту. Екінші бағыт — Қожа Ахмет Ясауи кесенесін әлемдік сәулет өнерінің жәдігері ретінде насихаттау. Үшінші бағыт — Түркістан қаласын Оңтүстіктің сауда орталығына айналдыру. Төртінші бағыт — Түркістанның ұлы есімдерін ұлықтау аясында «ясауитану» ілімін дамыту. Облыстың бір жылдығын атап өту мақсатында апталық жарияладық. Соның аясында республика көлемінде 46 шара өткізу жоспарланған», — деді Мәлік Отарбаев. Түркістан облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының басшысы Нұрәулет Исабектің айтуынша, осы апталық аясында нұр-сұлтандық тұрғындардың назарына бірнеше кинотуындының тұсаукесері ұсынылмақ. «Облысымыздың бір жылдығына орай Нұр-Сұлтан қаласында

«Ордабасы — бірлік туы» анимациялық фильмінің тұсауы кесіледі. 25 минуттық «Оқсыз оқ» фильмі мен «Түркістан» анимациялық туындысы да көрерменге жол тартпақ. Ал 10 сериядан тұратын «Төле би» кинохикаясының қысқартылған нұсқасы фильм ретінде көрсетіледі», — деді басқарма басшысы. Аталған туындылар 14 маусымнан бастап үлкен экраннан тегін көрсетіле бастайды. Соның ішінде «Төле би» хикаясы «Хабар» арнасынан көрсетілуі мүмкін. «Төле би» хикаясын түсіру үшін облыс бюджетінен 153 млн. теңге бөлінген. Сатыбалды Нарымбетовтың көркемдік жетекшілігімен түсірілген туындыны «Астана күні» қарсаңында «Хабар» арнасынан көрсетуді жоспарлап отырмыз», — деді Нұрәулет Исабек.

qazaquni.kz

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ

Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН

Бас редактордың орынбасары – Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)

Айнұр АХМЕТ (мәдениет)

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Астана тілшілер қосыны:

Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

(8-702-931-89-86)

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

Ақмола облысы:

Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:

Нұрсұлтан НҮРМАН

(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:

Айтақын БҮЛҒАҚ (8-702-239-62-99)

Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Мырзағали НҮРСЕЙІТ (8-701-771-6496)

Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)

Батыс Қазақстан облысы:

Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

(8-701-111-61-05)

Жезқазған қаласы:

Жанат АСАНҚАЛИ

(8-702-384-12-00, 8-702-261-20-98)

Сәтбаев қаласы:

Абдолла ДАСТАН

(8-71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

Қарағанды облысы:

Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:

Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:

Рахат АЛТАЙ

(8-775-998-15-39)

Маңғыстау облысы:

Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)

Түркістан облысы:

Әбдіғалпай АЙДАР

(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)

Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:

Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор –

Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Тарту бөлімі:

Астанада:

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

Шымкентте:

Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847)

дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат

министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.

Күрәлі №13976-Г (Алғашқы күрәлік

№1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.

Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3

ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:

8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com

www. qazaquni. kz

Кезекші редактор –

Гүлмира САДЫҚ

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784

ИИК KZ50856000000385541

АГФ АО «БанкЦентрКредит»

г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17

Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында

басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.

Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген



«ТАЛАН» ФИЛЬМІ АФРИКАЛЫҚ КИНОФЕСТИВАЛЬГЕ ҚАТЫСАДЫ

Режиссер Болат Қалымбетовтің «Талан» көркем фильмінің Durban International Film Festival кинофестивалінің бағдарламасына қатысатын болды.

Қазақстан киносының тарихында алғаш рет отандық фильм ОАР-да көрсетіледі. Бұл фестивальге тағы бір қазақстандық кино – Абдель Фифтибаевтың «Бойжеткен» фильмі қатысады. Бұл картина – «Қазақфильм» АҚ жобасы емес. Оңтүстік Африкадағы ең ірі және көне кинофестиваль – Durban IFF биыл көрермендерге әлемнің түкпір-түкпірінен 180-нен астам фильм көрсетіп, түрлі семинарлар мен «дөңгелек үстелдер» ұйымдастырады. «Талан» картинасын танымал қазақстандық актер әрі режиссер Болат Қалымбетов түсірген. Кино ашаршылық пен қуғын-сүргіннің заманында жетім қалған екі ұлдың бастан кешкендері туралы айтады. Достар бірнеше жылдан кейін күтпеген сәтте кездесіп қалады... Естеріңізге сала кетейік, былтыр «Талан» фильмі Шәкен Аймановтың 14-ші халықаралық кинофестивалінде үздік режиссура үшін жеңімпаз атанған болатын. Сондай-ақ, бұл фестивальде тарихи картина «Ел Арна» теларнасының «Ел Арна таңдауы» дипломына ие болды.